

ӨЗІМІЗДЕН ШЫҚҚАНДЫ ӨЗІМІЗ НЕГЕ ҚОЛДАМАЙМЫЗ?

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№31
(1838)
6 тамыз
2026 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақжамыт Ақшамы Газеті

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

“ҚЫТАЙ МЕН ЕУРОПАНЫ ЖАЛҒАЙТЫН “АЛТЫН КӨПІР”



**«БЕЙНЕУ – СЕКСЕУІЛ» ЖОЛЫ
ЕЛ АЙМАҚТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ
БАЙЛАНЫСТЫ
НЫҒАЙТА ОТЫРЫП,
ҚЫТАЙ МЕН ЕУРОПАНЫ
ЖАЛҒАЙТЫН «АЛТЫН КӨПІР»
РЕТІНДЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ**

Касым-Жомарт Токаев

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Қызылорда – Сексеуіл», «Ұлғайсын – Сексеуіл» және «Бейнеу – Сексеуіл» автокөлік жолдары құрылысының басталуына арналған телекөпір өтті. Телекөпір барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев жобаны бастауға әзірлік жөнінде баяндады. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев және Сыр өңірінің зиялы қауым өкілдері қатысты.

Президент көлік-логистика саласы тоғыз жолдың торабында тұрған Қазақстанның өсіп-өркендеуіне серпін беретін маңызды бағыт екеніне тоқталып, бүгін еліміз үшін стратегиялық мәні айрықша ауқымды жобалардың құрылысы басталатынын мәлімдеді.

– «Жол – тіршіліктің күретауыры». Мемлекет осы саланы дамытуға әрдайым баса назар аударады. Біздің мақсатымыз – Қазақстанды Еуразиядағы негізгі транзит хабы ретінде дамыту. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Баршаңызға белгілі, еліміз Еуропа мен Азияны жалғайтын негізгі көпір саналады. Батыс пен Шығыс арасында құрлықпен тасымалданатын жүктің басым бөлігі Қазақстан арқылы өтеді. Сондықтан озық және заманауи көлік жүйесін қалыптастыру – алдымызда тұрған стратегиялық міндет. Жалпы, елімізде бұл бағытта көптеген шаруа атқарылып жатыр. Былтыр «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісі іске қосылды. Соның арқасында жүк тасымалы көлемі 5 есе артты. Сондай-ақ Алматы бекетін айналып өтетін теміржол желісі жұмыс істей бастады, нәтижесінде жүк жеткізу мерзімі айтарлықтай қысқарды. Ең бастысы, осындай ауқымды жобаларды өз мамандарымыз жүзеге асырып жатыр.

Өткен жылы еліміздегі жалпы тасымал көлемі 6 пайызға артып, шамамен 37 миллион тонна болды. Биыл «Мойынты – Қызылжар» және «Дарбаза – Мақтаарал», ал келесі жылы «Бақты – Аягөз» теміржол желісінің құрылысы аяқталады. Бұдан бөлек, біз автокөлік саласына ерекше назар аударып отырмыз. Соңғы жылдары Қазақстанда тас жолдарды түбегейлі жаңғырту жұмысы қолға алынды. Бірқатар ірі инфрақұрылымдық жоба табысты аяқталды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», «Қарағанды – Алматы», «Орталық – Оңтүстік», «Атырау – Астрахан», «Талдықорған – Өскемен», «Қалбатау – Майқапшағай» бағытындағы жолдар – соның айқын дәлелі. Кейінгі 5 жылда автокөлікпен жүк тасымалдау көлемі екі есе артты. Былтыр осы қызмет түрінен түсетін табыс 1,5 триллион теңгеге жетті. Өздеріңіз білесіздер, еліміз арқылы 8 халықаралық дәліз өтеді. Бұл жолмен күн сайын 35 мыңға жуық автокөлік жүреді. Өткен жылы 13 мың шақырым автокөлік жолын салу және жөндеу жұмысы жүргізілді. Соның 6 мың шақырымы халық игілігіне берілді. Келесі жылы автокөліктерді өткізу бекеттері толық жаңартылады. Мұндай ауқымды жұмыс Тәуелсіздік тарихында алғаш рет жүзеге асырылып отыр.

3-бетте

НӘЛІБАЕВТЫҢ САПАРЫ – ҮКІМЕТТІҢ ТАПСЫРМАСЫ

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысының тапсырмасымен Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келді. Алдымен Президент саябағы аумағында бой көтерген тоғыз қабатты 15 тұрғын үйдің құрылыс барысымен танысты.

Жалпы құны 22 млрд. теңге болатын жоба республикалық бюджет есебінен қаржыландырылған. Бас мердігер «Мелиоратор» серіктестігі 8,2 гектар аумаққа заманауи үлгідегі 15 тұрғын үй кешенін салды. Жоба бойынша 945 пәтер пайдалануға беріледі. Оның 135-і бір бөлмелі, 540-ы екі бөлмелі және 270-і үш бөлмелі. Кешен қазан айында табысталады.

Бұдан кейін Нұрлыбек Машбекұлы облыс орталығында 20 млрд. 61 млн. теңгеге салынып жатқан «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешенінің құрылысын көрді. Жалпы аумағы 26 мың шаршы метр болатын кешен құрылысы 2025 жылы шілдеде басталған болатын. Мұнда 50 метрлік жүзу бассейні, халықаралық додаларды өткізуге арналған 2500 орындық зал, форумдар мен түрлі жиындарға арналған 300 орындық конференция залы қарастырылған.

Қазір мұнда әрлеу, металл конструкцияларын орнату, терезелер мен витраждарды монтаждау, инженерлік және электр желілерін жүргізу, сондай-ақ аумақты абаттандыру жұмыстары қарқын алған.

Ғимараттың қасбеті заманауи сәулет үлгісімен безендіріліп, витражды берік шынымен қапталады. Кешен пайдалануға



берілгеннен кейін оқу-жаттығу жиындарын өткізуге толық бейімделеді. Нысанды биыл пайдалануға беру жоспарланған.

Құрылыс барысымен танысқан Премьер-министрдің бірінші орынбасары жауапты

сала мамандарына барлық жұмысты сапалы атқарып, белгіленген мерзімде аяқтауды, құрылыс сапасын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

5-бетте

Осы аптаның сейсенбінде Үкімет басшысы Олжас Бектенов төрағалығымен өткен кезекті Үкімет отырысында отандық тауарларды қолдау және ілгерілету мәселелері қаралды.

– «Қабылданып жатқан шаралардың барлығы бәсекеге қабілетті отандық өндірісті құруға және дамытуға бағытталған. Субсидиялардан бастап, тауарларды әлемдік нарыққа ілгерілетуге дейінгі мұндай тәсілді әлемнің барлық дамыған экономикалары қолданады. Біз де осы саясатты ұстанамыз. Өйткені оның нақты нәтижесін көріп отырмыз. Атап айтқанда, Қазақстан бүгінде ішкі нарықты негізгі азық-түлік тауарларымен толық қамтамасыз етеді. Бірінші жартыжылдықта өндіріс көлемі шамамен 10%-ға өсті. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты да тұрақты өсіп келеді. Бұған экономика салаларын кешенді мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде қол жеткіздік», — деп Үкімет басшысы Олжас Бектенов атап өтті.

Ол осы бағыттағы ендігі міндет – ішкі нарықты отандық өніммен толықтыруды жалғастырып, өткізу нарықтарын кеңейту және қазақстандық тауарларды сыртқы нарықтарда неғұрлым белсенді ілгерілетудің маңызды екеніне назар аударды. «Қазақстанда жасалған» ұлттық таңбасы тұтынушылардың сенімі мен жоғары сапа белгісіне айналуы тиіс.

Алайда өзімізде өндірілгенді өзіміздің қолдау білдіруімізде кедергілер баршылық. Мәселен Үкіметтің осы жиынында О.Бектенов:

– «Халық тұтынатын тауарларды шығаратын отандық өндірушілер көп жағдайда сауда алаңдарына қол жеткізе алмайды, оның ішінде жалдау ақысының жоғары болуына байланысты қиындықтар да бар. Бұл ішкі нарықта қазақстандық өнімнің үлесін кеңейтуге кедергі келтіріп, оның бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Сауда желілерінің иелері қазақстандық тауарларға деген көзқарасын түбегейлі өзгертуі тиіс деп санаймын. Отандық өнімнен бұрын импорттық тауарларға басымдық беру құқықтық жағынан ғана емес, моральдық тұрғыдан да дұрыс емес», — деп айтқанындай сауда орындары иелерінің импорттан көп табыс табу ниеті өзімізден өндірілгендерге тұсау болып тұр.

– «Қазақстанда өндірілетін танымал тауарларды, атап айтқанда азық-түлік және кондитерлік өнімдерді қаралау үшін әдейі ұйымдастырылған ақпараттық науқандар орын алуда. Мұның барлығының көздеген мақсаты бір – бәсекелестерді нарықтан ығыстырып, олардың орнын иемденіп қалу. Мәдениет және ақпарат министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, «Қазақстанда жасалған» ұлттық брендин ілгерілетуге, отандық тауарларды кеңінен дөріптеуге және оларды негізсіз ақпараттық шабуылдардан қорғауға бағытталған бірыңғай ақпараттық науқанның жүргізілуін қамтамасыз етсін», — деп Үкімет басшысы ашық айтты.

Иә, отандық өнімді өндіруден бөлек оны өткізудегі кедергілерді білік те, халық та көріп, естіп, біліп отыр. Осы Үкімет жиынында тиісті тапсырмалар берілді. Демек өзімізде өндірілгенді өзіміз қолдау бағытында әрекеттер де болып қалар...

Қызылорда облысының әкімі М.ЕРГЕШБАЕВ:

СӨРЕЛЕРДІҢ ЖАРТЫСЫ ОТАНДЫҚ ӨНІМ БОЛУЫ КЕРЕК

Үкімет отырысына облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев қай кездегідей селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі облыс әкімдігінің мәжілісінде аймақ басшысы көлік-логистика саласындағы бастамаларға, Қызылорда қаласында жүзеге асып жатқан жобаларға тоқталды.

– «2025-2026 жылдары өңдеу өнеркәсібі мен сауда саласына 32 млрд. теңге, ауыл шаруашылығына 60 млрд. теңге қаралды.

Бұдан бөлек жыл сайын «Даму» қоры отандық кәсіпкерлерді қолдауға қомақты қаржы бөледі. Бизнеске берілген қаржы мақсатты жұмсалып, салық базасын ұлғайтуға, тұрақты жұмыс орындарын ашуға оң ықпалын тигізуі қажет. Қолдауға ие болған сауда субъектілері заңнамаға сәйкес сауда нысандарындағы сөре кеңістігінің кемінде 50 пайызын отандық тауарлармен толықтыруы тиіс. «Даму» қоры, бұл бағыттағы жұмысты толық зерделеніздер», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Сондай-ақ, мәжілісте отандық тауарөндірушілердің өнімдерін кедергісіз өткізу, өндірілген тауарларды ішкі нарықпен қатар онлайн платформаларда сатуды жандандыру, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыру мәселелері қаралды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ- ТАРДЫҢ 72,3%-Ы ЖАҢА ҚҰРЫЛТАЙ ҮШІН ДАУЫС БЕРУГЕ ДАЙЫН

5-бетте

98%-дан АСТАМЫ ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТТА ЖҮРГІЗІЛДІ

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗҚ, Қор) – Қазақстанныңжинақтаушы зейнетақы жүйесінің бірыңғай операторы, ол зейнетақы жинақтарының сенімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді. Оның негізгі міндеті – азаматтардыңзейнетақы жинақтарын жинақтау және болашақта төлемдер қамтамасыз ету. Қор ұсынатын қызметтер азаматтарға лайықты зейнетақы үшін қажетті соманы жинап қана қоймай, сонымен қатар өз болашағын қаржылық жоспарлауға белсенді қатысуға көмектеседі. БЖЗҚ қазақстандықтарға цифрлық форматта түрлі қызметтер көрсетеді және оларды салымшылардың қажеттіліктеріне бейімдей отырып дамытуда.Қордың сайтта және мобильді қосымшада 24/7 режимінде көрсететін қызметтерінің қолжетімділігі – салымшылардың өз жинақтарына деген қызығушылығын арттырудың маңызды шарты.

01.01.2026ж. мен 30.06.2026ж. аралығында Қор салымшыларға 28,4 млн қызмет көрсетті. Көрсетілген қызметтердің жалпы санының 17,4 млн-ы электрондық форматта, 10,4 млн автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, автоматты, электронды және қашықтықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы санның 98,6%-ын құрады. Салымшыларға 384,7 мың қызмет жүзбе-жүз көрсетілді, оның ішінде 374,5 мың қызмет тікелей Қордың кеңселерінде жүзеге асырылды.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған азаматтарына нысаналы талаптар автоматты түрде есептеліп, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды алушыларға нысаналы жинақтарды есептеу және есепке алу үшін нысаналы жинақтау шоттары ашылады.

Есепті кезеңде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аударуы нәтижесінде ашылатын ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын («Ұлттық қор — балаларға» бағдарламасы аясында ашылатын НЖШ) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны1,0млн бірлікке жетті.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты

зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу бұрынғысынша ең танымал қызмет санатында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан 18,1 млн үзінді көшірме берілді. Оның 16,1 млн-ы – электрондық, ал 1,7 млн үзінді көшірме автоматты түрде рәсімделді. Шоттың жай-күйіне қатысты ақпаратты жеке кабинет арқылы алу – зейнетақы жинақтарын қадағалаудың ең ыңғайлы, сенімді және жедел тәсілі. Қызмет тәулік бойы (24/7) онлайн режимде жұмыс істейді, бұл ақпаратты кез келген уақытта және өлемнің кез келген нүктесінен алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зейнетақы шоттары туралы ақпаратты БЖЗҚ сайты арқылы ғана емес, egov.kz электрондық үкімет порталы немесе оның мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Бұл мемлекеттік қызметтерді бірыңғай платформалар арқылы алуға дағдыланған азаматтарға өте қолайлы. БЖЗҚ 2025 жылдан бастап жыл сайынғы үзінді көшірмелерді пошта арқылы автоматты түрде жіберу тоқтатылғанын ескертеді. Бірақ, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты «БЖЗҚ» АҚ атына тиісті сұранысты жіберген пошта арқылы алу мүмкіндігі сақталады.

Салымшылардың (алушылардың) Қор сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинеттен үзінді көшірме алудан басқа өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шотының бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т.б. қызметтер қолжетімді. Өткен кезеңде салымшылардың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ сенімгерлік басқаруына аударуға 54,0 мың өтініші қабылданды, оның басым бөлігі – электрондық форматта.

БЖЗҚ азаматтардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі **invest.enpf.kz**бірыңғай ақпараттық интернет-платформасы

инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) туралы барлық негізгі ақпаратты бір цифрлық кеңістікке біріктіріп, инвестициялық қызметтері туралы деректерді жүйелі түрде ұсынатынын естеріңізге салады. **invest.enpf.kz**порталында пайдаланушыларгазейнетақы жинақтарының жүйесі, бағалы қағаздар, инвестициялау стратегиялары (критерийлері), базалық ұғымдар, зейнетақы активтерін орналастыру құрылымы туралы мәліметтер, сондай-ақ әрбір ИПБ-ның қаржылық көрсеткіштері, ИПБ-ның реттеушілік талаптарды сақтауы туралы деректер, салымшыларға ИПБ-ның портреті мен инвестициялық қызметін жасауға мүмкіндік беретін өзге де мәліметтер қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді.

Есепті кезең ішінде деректемелерді өзгертуге 56,9 мың өтініш қабылданды. Оның 53,4 мыңы Қордың кеңселерінде орындалды.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыруға қатысты қосымша кеңестер ала алады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 29,6 мың көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 589,3 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 20,2 мың материал жарияланды.

Салымшылар мен алушылардан кері байланыс (Call-орталық, веб-сайт арқылы кеңес, мессенджерлер, әлеуметтік желілер және басқа байланыс түрлері) арналары бойынша 226,5 мың өтініш түсті.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалып, Қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

ПӘТЕР ИЕЛЕРІ КООПЕРАТИВТЕРІ БАСҚАРУШЫ МА?

Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаевтың төрағалығымен пәтер иелері кооперативтері өкілдерінің қатысуымен кеңейтілген жиын өтті.

Жиында көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару жүйесін жетілдіру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелер, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыру және алдағы жылғыту маусымына дайындық мәселелері қаралды.

Қала әкімінің орынбасары Дархан Есалыұлы тұрғын үйлердің ортақ мүлкін күтіп-ұстау, санитарлық тазалықты сақтау, инженерлік желілердің жай-күйін бақылау және тұрғындардың өтініштеріне жедел ден қою бағытындағы жұмыстарды қолжету қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес басқару субъектілеріне берілген мүмкіндіктерді тиімді пайдалану және өкімдік тарапынан бөлінген қоғамдық жұмысшылардың әлеуетін нәтижелі ұйымдастыру тапсырылды.

Көпқабатты тұрғын үйлердің өжіресіне жүргізілген мониторинг қорытындылары таныстырылып, санитарлық талаптардың сақталуы мен инженерлік жүйелердің жай-күйіне ерекше назар аударылды. Анықталған кемшіліктерді қысқа мерзімде жою және мұндай жағдайлардың қайталануына жол бермеу жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

QYZYLORDA YOUTH FEST – 2026



Халықаралық жастар күніне арналған жастар фестивалі аясында қала жастарына арналған түрлі бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылады:

- Заманауи би байқауы (Hip-Hop, K-pop, Street Dance, All Style);
- Ашық аспан астындағы QUIZ;
- Фото байқау және «Фото Сушка»

көрмесі;

- Street Workout және спорттық жарыстар;
- DJ Show және концерттік бағдарлама;
- Белсенді жастарды саяпаттар рәсімі;
- Қомақты қаржылай марапаттау.

QYZYLORDA YOUTH FEST – 2026 – бұл жастардың энергиясы, шығармашылығы және жаңа мүмкіндіктер алаңы. 11.08.2026. Сағат 18.00-22.00 Орталық алаң (Жастар арбаты) Бізге Qosyl!

КОНКУРСҚА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 2026 жылғы 1 шілдеден бастап үкіметтік емес ұйымдарға арналған жыл сайынғы сыйлықақы конкурсына қатысу үшін өтінімдерді қабылдауды бастады.

Конкурстың мақсаты – үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін нығайту және қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асыруға ынталандыру үшін институционалдық қолдау көрсету.

Сыйлықақы әлеуметтік маңызы бар 16 бағыт бойынша тағайындалады. Егер ұйымыңыз қоғамдық бастамаларды жүзеге асыруға белсенді атсалысып, өз саласында нәтижелі жұмыс жүргізіп, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге үлес қосып жүрсе, сіздерді үздік үкіметтік емес ұйымдарды анықтауға арналған конкурсқа қатысуға шақырамыз.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі: 2026 жылғы 1 шілдеден бастап, 1 қыркүйек, сағат 18:30-ға дейін (Астана уақыты бойынша).

Конкурса қатысу талаптары туралы толық ақпаратпен төмендегі сілтеме арқылы танысуға болады:

<https://www.gov.kz/.../akk/documents/details/1035722...>

Сұрақтар туындаған жағдайда келесі нөмірлер бойынша хабарласуға болады: 8 (7172) 74-07-41, 8 (7172) 74-09-97, 8 (7172) 74-02-17.



ҚАУЫН ШЫБЫНЫ – КАРАНТИНДІК ЗИЯНКЕС

Қауын шыбыны өте қауіпті карантиндік зиянкес. Қауын шыбынын сарғыш-қызыл түсінен, металл қызыл не жасыл көздерінен және ақ жотасында қара дақтарынан тануға болады. Шыбынның жаппай ұшып шығуы қауынның гүлдеу кезеңі мен алғашқы түйін салу кезеңіне дәл келеді.Зиянкестен зақымданған қауынның сыртында тесіктер пайда болады. Осы тесіктер арқылы жемістің ішіне енген микроорганизмдерден жеміс шіри бастайды. Қауын шыбынын қауын жапырақтарынан таңертеңгі мезгілде байқауға болады.

Карантиндік зиянкес қауын шыбынымен зақымданған қауындарды химиялық өңдеу және агротехникалық күрес шаралары арқылы аман алып қалып, зиянкесті жоюға болады.

Химиялық залалсыздандыру - қауын тұқымдарын дәрілегіш препараттармен, зиянкеске қарсы қауынның нағыз жапырақтары пайда болғаннан бастап гүлдегенге дейінгі өңдеу шаралары. Ал агротехникалық шаралар бойынша құрттардың топыраққа түспеуі үшін зақымданған қауын қалдықтарын 1,0-0,80 метр тереңдікте жерді қазып көміп тастап, егістік жерді терең етіп жыртып, немесе суға бастырып қою керек. Сонымен қатар карантиндік зиянкестің таралуын келер жылы болдырмау мақсатында ауыспалы егіс төртбіін қатаң сақтап, 3-4 жыл бұрынғы қауын тұқымын пайдаланбауға кеңес беріледі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер, диханшылар адал еңбектерінің жақсы нәтижесін көру үшін қауын дақылын толық жинап болғаннан кейін карантиндік зиянкес қауын шыбынына қарсы күзгі агротехникалық шараларды бастау керек. Яғни *қауын дақылы егілген жердің қауын дақылының қалдықтарынан тазалау, жерді суға бастыру, қауын егілген жерді 080-1,0 метр тереңдікте жырту, жаңадан қауын егілетін жерлерді былтырғы қауын шыбыны байқалған жерлерден 20км кем болмайтын қашықтықта орналастыру* күрес шараларын міндетті түрде жүргізу арқылы ғана карантиндік зиянкестің таралуының алдын-алу мүмкін.

Абишева Еркегүл Жұмаханқызы

ҚР АШМ АӨК МПК Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының Өсімдіктер карантині және ФББ жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімінің бас маман-өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

АҚҚЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ОСЫ МЕКЕМЕНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУДЫҢ 2026 ЖЫЛҒЫ ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КЕСТЕСІ

P/c	Жеке қабылдау жүргізетін адамның (тегі,аты,әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Алыбаев Жасұлан Тәңірбергенұлы	Аққыр ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі сағ:10-00 ден 12-00 дейін	Аққыр ауылы Ы.Ақмырзаев көшесі №40	8 724 31 41 444

СЕНИМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес **«Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде** 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410 V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, **Қызылорда қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде** азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242)40-04-84 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих РеспубликиКазахстан» и Законом РеспубликиКазахстан от 18 ноября 2015 года №410-V«О противодействии коррупции» сообщаем, что, в **коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтөбе города Кызылорды»** работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтөбе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29.12.2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18.11.2015 года № 410 V «О противодействии коррупции» прием граждан по личным вопросам **в отделе занятости и социальных программ города Кызылорда** ежедневно с 9.00 до 19.00 часов, время перерыва с 13.00 до 15.00 и телефон доверия 8(7242)40-04-84.

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың
«Желтоқсан и К» ЖШС		Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет	позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БІҚОЖАЕВА	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген.	Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылайды.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН	Телефон: 23-16-08 23-16-11	Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
			Тапсырыс	

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

“ҚЫТАЙ МЕН ЕУРОПАНЫ ЖАЛҒАЙТЫН “АЛТЫН КӨПІР”

Мемлекет басшысы қазір Қазақстанның әр аймағында автожолдар жөнделіп жатқанын атап өтті.

– Жақында Сарыағаш айналма жолының құрылысы мен «Жезқазған – Қарағанды» автожолын жөндеу жұмысы басталды. Сонымен қатар еліміз бойынша көптеген тұрғын үй, мектеп, аурухана, инженерлік желі салынып жатыр, басқа да әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Бір сөзбен, Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналатын болды. Бұл мемлекетіміздің өсіп-өркендеу жолына түсіп, жаңа даму кезеңіне қадам басқанын көрсетеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Бейнеу – Сексеуіл» бағытындағы 800 шақырымдық түбегейлі жаңа жолды халықаралық ауқымдағы автожол деп атады.

– Осы жол ел аймақтары арасындағы байланысты нығайта отырып, Қытай мен Еуропаны жалғайтын «алтын көпір» ретінде қызмет етеді. Бұл жоба Қытай шекарасындағы өткізу бекеттерін Ақтау, Құрық порттарымен тікелей байланыстырады. Соның нәтижесінде Қытайдан Еуропаға дейін жүк тасымалдау ұзақтығы 1 мың шақырымға, ал жүк жеткізу мерзімі 3 тәулікке дейін қысқарады. Халқымыздың таным-түсінігінде құдық қазу, көпір салу сауатын іс саналады. Осы тұрғыдан алып қарасақ, біз игілігі баршаға ортақ, яғни өзіміз де, өзгелер де пайдасын көретін аса жауапты жұмысты бастап отырмыз. «Бейнеу – Сексеуіл» бағыты республикалық, аймақтық, құрлықтық деңгейдегі маңызды жол болары анық. Сондықтан бұл жолды «Арал-Каспий магистралі» деп атаған дұрыс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент бұл жолдардың құрылысымен отандық компаниялар айналысатынын атап өтті.

–Құрылыс жұмыстарына 10 мыңнан астам жұмысшы тартылады. Жолдар толық салынып біткен соң жүк тасымалы 2,5 есе артып, жылына 13,2 миллион тоннаға жетеді. Бұл жобалар ел экономикасын өркендетуге, туризмді дамытуға тың серпін беріп, халықтың әл-ауқатын арттыруға септігін тиігері сөзсіз. Осындай жобалардың әрқайсысы тұтас Қазақстанның көлік жүйесімен үйлеседі. Бұған дейін негізінен солтүстіктен оңтүстікке тартылған көлік желілері, енді шығыстан батысқа қарай бағытталған жаңа тармақтармен кеңейіп жатыр. Басты мақсат – елімізді Еуропа мен Азияны жалғастыратын жетекші логистикалық желінің біріне айналдыру. Қазақстандағы автокөлік тасымалы саласы табысы жағынан теміржол көлігімен теңесті. Сондықтан

жолдың құрылысын жүргізумен бірге заманауи цифрлық экожүйе құру маңызды міндет саналады. Жергілікті автоөндірісті тарта отырып, отандық тасымалдаушыларды қолдаудың ұлттық бағдарламасын қабылдау әлеуетті еселейді. Мұның бәрі Қазақстанның транзиттік мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Арал маңындағы иен даламен тартылып жатқан жолдар бұған дейін түйік нүкте саналып келген бағыттарды Еуразияның негізгі көлік дәліздерінің тоғысына айналдырады. Бүгін бастау алып жатқан жұмысты уақтылы, яғни 2029 жылдан кешіктірмей аяқтау өте маңызды. Қажетті жағдайдың барлығы жасалып жатыр. Енді білек сыбана жұмысқа кірісу керек. Біз бір ел болып, бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асырамыз. Мен бұған көміл сенемін. Баршаңызға амандық, сәттілік және табыс тілеймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында республикалық маңызы бар жолдардың құрылысын тездетуді тапсырған болатын.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлы соңғы жылдары еліміз арқылы өтетін халықаралық жүк тасымалының көлемі айтарлықтай өскеніне тоқталды.

–Бүгін біз Президентіміздің тікелей тапсырмасымен еліміздің көлік инфрақұрылымын дамытудағы аса маңызды жобалардың басталуына куә болып отырмыз. Жүк тасымалының өсімі қолданыстағы жол инфрақұрылымын жаңғыртуды, өткізу қабілетін арттыруды және қауіпсіздік деңгейін күшейтуді талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, бүгін басталып отырған үш жоба Қазақстанның көлік жүйесін сапалы жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Үкімет Мемлекет басшымыздың тапсырмаларын сапалы әрі белгіленген мерзімде орындау бағытындағы жұмысты жалғастырады. Бұл жобалардың уақтылы және жоғары сапалы болып іске асуы Президентіміздің бақылауында, Үкімет басшысының тұрақты қадағалауында болады, – деді.

Телекөпір барысында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев сөз сөйлеп, Президентке аймақ тұрғындарының ризашылығын жеткізді.

Ауқымды жобалар толық жүзеге асқаннан кейін еліміздің негізгі халықаралық көлік дәліздері өзара тиімді байланысып, үздіксіз құрлық дәлізі қалыптасады. Жолдардың өткізу қабілеті екі есе артып, жүк тасымалдау уақыты қысқарады, логистикалық шығындар азаяды және жол қозғалысының қауіпсіздігі едәуір жақсарады.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

СЕКСЕУІЛ – БЕЙНЕУ ЖОЛЫ: БАТЫС ПЕН ОРТАЛЫҚТЫ ЖАҚЫНДАТАТЫН ЖОБА

Соңғы жылдары Қазақстанда жол инфрақұрылымына ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұрын ұзақ уақыт алатын бағыттар бүгінде әлдеқайда қысқарып, ел ішіндегі қатынас пен жүк тасымалының мүмкіндігі кеңейе түсті.

Мәселен, кезінде Астана мен Алматы арасындағы жолға 20–25 сағат жұмсалса, қазір сапалы автожолдардың арқасында бұл бағытты қалыпты жылдамдықпен шамамен 11 сағатта еңсеруге болады. Былтыр ғана еліміз бойынша 13 мың шақырымнан астам автомобиль жолы жөндеуден өтті.

Бұл – жай ғана асфальт төсеу емес. Бұл – өңірлерді жақындату, халықтың жүріп-тұруын жеңілдету, кәсіпкерлікке мүмкіндік ашу және ел экономикасының жаңа тынысын қалыптастыру.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев телекөпір арқылы ұзындығы 800 шақырым болатын «Бейнеу – Сексеуіл» автомобиль жолының құрылысын бастауға пәрмен берді.

Бұл жолдың стратегиялық маңызы зор. Өйткені «Бейнеу – Сексеуіл» бағыты Қазақстанның батысы мен орталығын жалғайды. Әсіресе Маңғыстау мен Атырау өңірлерінің тұрғындары үшін елдің орталық аймақтарына жету әлдеқайда қолайлы болады. Жоба толық аяқталғаннан кейін жол жүру уақыты шамамен 30 сағатқа қысқарады.

Яғни, жаңа жол жүздеген шақырымды ғана емес, өңірлер арасындағы уақыт пен мүмкіндіктің арақашықтығын да азайтады.

«АРАЛ – КАСПИЙ МАГИСТРАЛІ»:

ҚЫЗЫЛОРДА ҮШІН ҚАНДАЙ МҮМКІНДІК АШАДЫ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қызылорда – Сексеуіл», «Ұлғайсын – Сексеуіл» және «Бейнеу – Сексеуіл» автожолдарының құрылысы басталуына арналған телекөпірде сөйлеп, «Бейнеу – Сексеуіл» бағытындағы 800 шақырымдық жаңа жолды халықаралық маңызы бар жоба деп атады.

Телекөпір барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Құлыбай жобаны бастауға әзірлік жөнінде баяндады. Бұл – жай ғана жол құрылысы емес.

Біріншіден, жаңа бағыт Қызылорда облысының көлік қатынасын жақсарттады. Сексеуіл арқылы елдің батыс өңірлеріне шығу жеңілдеп, шалғай елді мекендердің облыс орталығымен және басқа аймақтармен байланысы күшейеді.

Екіншіден, жол жүк тасымалын жылдамдатады. Қытайдан Еуропаға баратын жүктің жолы шамамен 1 мың шақырымға қысқарып, жеткізу мерзімі 3 күнге дейін азаяды. Бұл Қазақстанның халықаралық транзиттік әлеуетін арттырып, ел экономикасына жаңа мүмкіндік береді.

Үшіншіден, Ақтау және Құрық порттарымен тікелей байланыс орнайды. Яғни Қызылорда өңірі халықаралық көлік дәліздерінің бір бөлігіне айналып, өңірдің логистикалық маңызы арта түседі.

Жол бойындағы елді мекендер үшін де бұл жобаның пайдасы аз емес. Құрылыс кезінде жаңа жұмыс орындары ашылып, кейін жол бойындағы қызмет көрсету саласы, шағын және орта бизнес дамуы мүмкін.

Сауда-саттық жанданып, кәсіпкерлер үшін жаңа нарыққа шығуға жол ашылады. Президент бұл бағытты «Арал – Каспий магистралі» деп атауды ұсынды. Бұл атаудың өзінде үлкен мән бар. Өйткені жаңа жол Арал өңірі мен Каспий маңын жалғап қана қоймай, Қазақстанды Қытай мен Еуропа арасындағы маңызды көлік көпіріне айналдыруға қызмет етеді.

Ең бастысы, жолдың игілігі қағаз жүзінде ғана емес, халықтың күнделікті өмірінен де көрінуі керек. Сапалы жол – қауіпсіз қатынас, уақыт үнемдеу, қолжетімді тауар, жаңа жұмыс орындары және өңірлердің дамуына мүмкіндік.

«Арал – Каспий магистралі» – Қызылорда өңірінің көлік әлеуетін күшейтіп, елдің батысы мен шығысын жақындастыратын стратегиялық жоба.

Басы 1-бетте

ЕМХАНА ҚАРЖЫСЫ – ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВ

Президент тапсырмаларын жүзеге асыру барысында қайтарылған активтер есебінен Қызылордада емхана салу үшін 6,5 млрд. теңге бөлінді

Үкімет Мемлекет басшысының заңсыз иемденілген активтерді мемлекет меншігіне қайтару және ел дамуына бағыттау жөніндегі

тұрған емхана 1966 жылы салынған, тозу деңгейі жоғары ғимаратта орналасқан. Жаңа медициналық мекеме пайдалануға берілгеннен кейін бір ауысымда 400-ге дейін науқасты қабылдай алады және ауданның 35 мыңнан астам тұрғынын медициналық қызметпен қамтамасыз етеді.



2024–2026 жылдары Арнаулы мемлекеттік қордан 500-ден астам әлеуметтік маңызды жобаны жүзеге асыруға жалпы сомасы 610 млрд. теңге қаражат бөлінді. Оның ішінде «денсаулық сақтау жүйесін дамыту» бағыты бойынша жалпы құны 170 млрд. теңгеден асатын 191 жоба қаржыландырылды.

тапсырмаларын жүзеге асыру аясында Арнаулы мемлекеттік қордан Қызылорда қаласында жаңа емхананы салуға және оны техникалық жабдықтауға 6,5 млрд. теңге бөлі.

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту алғашқы медициналық-санитариялық көмекке қолжетімділікті жақсартуға мүмкіндік береді. Медициналық нысан қаланың теміржолдың арғы бетіндегі бөлігінің тұрғындары үшін салынып жатыр. Қазіргі жұмыс істеп

Емхана құрылымы амбулаториялық көмектің негізгі бағыттарын: балалар мен ересектерді қабылдау, жалпы дөрігерлік практика, әйелдер консультациясы, күндізгі стационар және сүзгі-бокстарын қамтиды. Диагностикалық және оңалту блоктары функционалдық диагностика, медициналық оңалту, стоматология кабинеттерін, сондай-ақ зертхана мен зарарсыздандыру бөлімшесін біріктіреді.

Емхана заманауи медициналық техникамен жабдықталады. Атап айтқанда, компьютерлік томограф, заманауи ультрадыбыстық аппараттар, рентген аппараттары және тағы басқа да жабдықтар орнатылады.

Қазіргі уақытта құрылыс алаңында шатыр плиталарын бетондау және бірінші қабаттың ішкі бөлу қабырғаларының кірпіштерін қалау жұмыстары басталды. Жобаны жыл соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен 2025 жылы құрылысы басталған Сексеуіл теміржол вокзалы бүгінде толық аяқталып, пайдалануға беріліп отыр.

Жаңа вокзал тәулігіне 281 жолаушыға қызмет көрсетеді. Барлық заманауи талаптарға сай жоғары сапалы жабдықтармен қамтылған. Ана мен бала бөлмесі, медициналық пункт, жүк сақтау қоймасы, күту залы және санитарлық-тұрмыстық орындар қарастырылған.

Бүгінде облыс арқылы халықаралық және өңіраралық бағыттарда 15 жолаушылар пойызы өтеді. Оның ішінде облыс орталығына Астана, Петропавл, Павлодар, Көкшетау, Семей және Түркістан қалаларына қатынайтын 6 жолаушылар пойызы қызмет көрсетеді.

СЕКСЕУІЛДІҢ ЖАҢА ВОКЗАЛЫ

Арал ауданындағы Сексеуіл теміржол вокзалының ашылу рәсімі өтті. Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының» Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Батырхан Базарбаев, сала ардагерлері, ел ағалары және кент тұрғындары қатысты.

Рәсімде облыс әкімінің орынбасары Мемлекет басшысының еліміздегі теміржол вокзалдарын жаңғырту тапсырмасы өңірде кезең-кезеңімен жүзеге асып жатқанын атап өтті.

– Өткен жылы Қызылорда теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өткізіліп, іргелес аумағы абаттандырылды. Қалған жеті вокзал мен екі қызмет көрсету пунктін күрделі жөндеу және қайта жаңғыртуға 10 млрд. теңгеден астам

қаржы бөлінді. Жакында ғана Жанақорған, Шиелі және Қазалы теміржол вокзалдары ел игілігіне берілді.

Сонымен қатар Талап бекетіндегі жолаушылар платформасы қайта жаңғыртылды.Бүгін Сексеуіл кентіндегі 1 млрд. 360 млн. теңгеден астам қаржыға салынған, аумағы 9 129 шаршы метр жаңа темір-жол вокзалының ашылуына куә болып отырмыз. Бұл – аймақ үшін маңызы зор жобалардың бірі. Баршаңызды жаңа вокзал-дың пайдалануға берілуімен шын жүректен құттықтаймын, – деді Бахыт Дүйсенұлы.

Шарада Батырхан Базарбаев құттықтау сөз сөйлеп, сала ардагері Орынбай Оразаев ак батасын берді. Теміржол саласының дамуына үлес қосып жүрген қызметкерлер мен вокзал құрылысын сапалы жүргізген мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.



Қызылорда облысында 2026-2030 жылдары 3,7 млн. шаршы метр тұрғын үй беру жоспары белгіленген. Быылғы меже - 950,0 мың шаршы метр тұрғын үй.

Сырдария өзені жағалауындағы қорғаныс бөгетінің ұзындығы 3 шақырым аумақтың екі шақырымына геобекіткіш тор төселіп, таспен толтырылады. Қалған бөлігінде еңісті қалыптастыру қолға алынған. Сонымен қатар жағалауды шайылудан қорғайтын арнайы тірек құрылымдары орнатылып жатыр. Тұрғындарға қауіпсіз әрі қолайлы болу үшін жаяу жүргіншілер жолы мен веложолға салынуда. Бүгінде жұмыстың 50 пайызы аяқталған.

Облыс әкімі жауапты тұлғаларға құрылыс сапасы мен мерзіміне қатысты талаптарды ескертіп, тұрақты бақылауды тапсырды.

Соңғы жылдары Қызылорда қаласының мәдениет саласының серпінге ие болып, бұрынғыдай тек мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізумен шектелетін жүйеден қоғамдық сананы жаңғыртатын, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, шығармашылық әлеуетті дамытатын маңызды институтқа айналып келеді. Театр сахналарындағы жаңа қойылымдар, заман талабына сай жаңғырған кітапханалар, жастар шығармашылығын қолдауға бағытталған жобалар, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге арналған жүйелі жұмыстар – осы өзгерістердің нақты көрінісі. Саланың биылғы алғашқы жарты-жылдықтағы нәтижелері Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаевтың брифингінде кеңінен сараланып, қол жеткізілген жетістіктермен қатар алдағы кезеңнің басым бағыттары мен міндеттері айқындалды.

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Бүгінде Қызылорда қаласының мәдениет бөліміне қарасты төрт мекеме жүйелі жұмыс жүргізеді. Оның ішінде А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық Мәдениет үйі мен оған қарасты мәдениет ошақтары, орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, мәдени-демалыс паркі және Қызылорда қаласының Жастар театры өңірдің мәдени өміріне серпін беріп келеді. Бұған қоса қала мен оған қарасты кенттер мен ауылдық округтерде орналасқан 33 мәдени нысан тұрғындардың рухани сұранысын қамтамасыз ететін негізгі орталықтарға айналған.

Жыл басынан бері мәдениет үйлері мен клубтарда 546 мәдени-көпшілік іс-шара ұйымдастырылып, оған 161

мен ауылдық клубтар жанындағы шығармашылық үйірмелер бүгінде жас дарындардың үлкен сахнаға шығуына жол ашатын өнер мектебіне айналды. Биылғы жартыжылдық меженің өзінде 383 өнерпаз 53 халықаралық, республикалық және облыстық байқауға қатысып, жүзден астам жүлделі орын иеленді. Тарқатып айтсақ, Өзербайжанның Баку қаласында өткен «KHAZAR-FOLK 2026» байқауында «AQMARAL» би студиясының бес Гран-при мен бірінші орынды жеңіп алуы Сыр өңірі мәдениетінің халықаралық деңгейдегі беделін айқындаған үлкен жеңіс десек болады. Сондай-ақ Бакудағы «Bakınpı ışıqları» байқауы мен Қырғызстанның Бішкек қаласында

мен әкімшілік мамандар бар. Бір мақсатқа жұмылған ұжымның негізгі міндеті – көрерменге сапалы әрі тәрбиелік мәні зор қойылымдар ұсыну.

Театрдың шығармашылық ұстанымы – ұлттық драматургияны дәріптей отырып, әлемдік классиканы және қазіргі заман драматургиясының үздік туындыларын сахналау болып табылады. Бұл бағыт театр репертуарының жан-жақты ізденісін арттырып, әр жастағы көрерменнің қызығушылығын оятауда.

Шымылдығын түргеннен бастап театр қоржынында көрерменге ұсынылып отырған 15 спектакльдің ішінде балаларға арналған қойылымдар да, жастар мен

тар жас ұрпақтың туған өлкенің әдеби мұрасын тануына мүмкіндік береді.

Қазіргі заман кітапханасы цифрлық технологиялардан тыс өмір сүре алмайды. Сондықтан кітапханалар электронды каталогтарды дамыту, онлайн қызмет көрсету, электронды кітап қорын толықтыру, цифрлық ресурстарды пайдалануды кеңейту бағытына басымдық беріліп келеді. Бұл ауылдық елді мекендердегі тұрғындарға да қажетті әдебиеттерге қолжетімділікті арттырады.

Негізінен Қызылорда қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі бүгінгі заманауи жобалар, оқырман клубтары, әдеби фестивальдер, мәдени-ағартушылық кездесулер

қағидаларын насихаттау, іс жүргізу мәдениетін жетілдіру бағытында әдістемелік жұмыстар жүргізілуде. Бұл шаралардың басты мақсаты – мемлекеттік тілді жай ғана қолдану емес, оны сауатты әрі мәдениетті пайдалану дәстүрін қалыптастыруға бағытталған.

Сол сияқты қала көшелеріндегі жарнамалар, маңдайшалар, хабарландырулар мен ақпараттық тақтайшалар – тұрғындардың талабымен үндестік тауып келеді. Соның негізінде көрнекі ақпараттың сауатты жазылуы мемлекеттік тіл саясатының маңызды бағыттарының бірі саналады.

Қызылорда қаласында кәсіпкерлік нысандарының сыртқы жарнамалары

ҚЫЗЫЛОРДА РУХАНИЯТТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫНА АЙНАЛДЫ

өткен халықаралық фестивальдерде қызылордалық өнерпаздардың жоғары нәтижеге қол жеткізуі өңірдегі шығармашылық мектептердің әлеуетін дәлелдей түсті.

Қаламыздағы қоғамдық кеңістіктердің мәдени мазмұны да жаңарып келеді. Оның ішінде жаз бойы ұйымдастырылып жатқан «Сырлы саз» ансамблінің, «Мереке» вокальды-аспапты ансамблінің және мәдениет үйлері өнерпаздарының концерттері тұрғындардың бос уақытын мазмұнды өткізуге мүмкіндік беруде.

Мұндай табыстар кездейсоқ жетістік емес. Бұл – мәдениет үйлеріндегі үйірме жетекшілерінің кәсіби шеберлігі, ұстаздардың тынымсыз еңбегі, балалардың талпынысы мен атаналардың қолдауының жемісі. Ең бастысы – бұл жеңістер Қызылорданың мәдени бренді қалыптасып келе жатқанын аңғартады.

ересектерге арналған психологиялық драмалар да бар. Соңғы екі жылда жеті жаңа премьерә сахналанып, биыл тағы үш жаңа қойылым әзірленуде. Оның ішінде Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», Қалижан Аманжолов шығармасы желісімен қойылған «Жалғыз куәгер» драмасы көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Ал жыл соңында Шыңғыс Айтматовтың «Қызыл орамалды шынарым» шығармасы бойынша жаңа премьерә ұсынылмақ.

Театр тек спектакль қоюмен шектелмейді. Ұжым жастар арасында діни экстремизмнің, нашарлықтың, лудоманияның алдын алу бағытындағы кездесулер өткізіп, белгілі театр қайраткерлерінің қатысуымен шеберлік сабақтарын ұйымдастыруда. Осындай жүйелі жұмыстың нәтижесінде театр өткен жылы «Үздік ұжым» номинациясының жеңімпазы атанды.

Кез келген театрдың деңгейі оның репертуарымен және шығармашылық ізденісімен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда Қызылорда қаласының Жастар театры соңғы екі жылда ерекше қарқынмен жұмыс істеп келеді.

РУХАНИЯТТЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ

Рухани дамудың кезекті бір маңызды тірегі кітапхана саласымен тығыз байланысты. Бұл тұрғыда қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты 21 кітапхана бүгінде дәстүрлі кітап сақтау орнынан заман талабына сай мәдени-ағартушылық орталыққа айналып келеді.

Өңірде Президент бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар кеңінен жүргізілуде. Сол секілді «Кітап керуені», «Кітап Fest», «Кітап Time», оқу марафондары, әдеби ойындар мен пікірталастар жастардың кітапқа қызығушылығын арттыруда. Бұл бастама кітапхана қызметін жаңғыртып қана қоймай, жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталған жаңа жобалардың дүниеге келуіне жол ашты. Осы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда Қызылорда қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі де ауқымды жұмыстар атқарып келеді.

Сонымен бірге «Кітап құрттары» клубы, Қорқыт ата атындағы университеттің «Oqyma Club» және «Book Club», NIS жанындағы «Руханият» клубымен бірлескен

мен кітап оқу марафондары арқылы тұрғындардың рухани өмірінің ажырамас бөлігіне айналды.



ҚОҒАМДЫ БІРІКТІРЕТІН КҮШ

Қай кезде де Қызылордада тіл саясатын жүзеге асыру жұмыстары жаңа мазмұнға ие. Бұл тұрғыда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, ономастика мәселелерін реттеу, көрнекі ақпараттардың тілдік сауаттылығын қамтамасыз ету және тұрғындардың тіл мәдениетін арттыру бағытында кешенді жұмыстар жүргізуде.

Ежелден Қызылорда – қазақ тілінің табиғи ортасы қалыптасқан өңірлердің бірі. Бұл аймақта мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдегі үлесі жоғары болғанымен, оның сапалы қолданылуына, ресми құжаттар мен жарнамалардағы тіл мәдениетіне, жастардың әдеби тілде сөйлеуіне ерекше көңіл бөлінеді. Яғни, мемлекеттік мекемелерде іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу, азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, ресми құжаттардың сауатты рәсімделуі өз мәнін жоғалтқан емес.

Осы орайда соңғы жылдары Қызылорда қаласында мемлекеттік тілдің қолданылу сапасын арттыруға бағытталған түрлі іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылып келеді. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілерге, жастарға, кәсіпкерлерге және түрлі сала мамандарына арналған

түрде жүргізіліп келеді. Бұл тұрғыда кәсіпкерлерге әдістемелік көмек көрсетіліп, тілдік қателерді түзету бойынша ұсыныстар берілуде. Осындай жұмыстардың нәтижесінде қаладағы көрнекі ақпараттардың сапасы жақсарып, мемлекеттік тілдің қоғамдық кеңістіктегі беделі артып келеді.

Тіл саясатының басты мақсатының бірі жастардың мемлекеттік тілге деген құрметін арттыруға бағытталған. Бұл тұрғыда жастар арасында әдеби кештер, шешендік өнер байқаулары, мәнерлеп оқу сайыстары, эссе конкурстары, пікірсайыс турнирлері, интеллектуалдық ойындар ұйымдастырылып, қазақ тілінің мүмкіндігі кеңінен насихатталуда. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде мемлекеттік тілді дәріптейтін бейнероликтер, танымдық жобалар мен челленждер де жастардың қызығушылығын арттыруға ықпал етуде. Осы орайда Қызылорда қаласында ұйымдастырылатын Наурыз мерекесі, Ұлттық киім күні, әдеби кештер, ақын-жазушылармен кездесулер, театр қойылымдары мен кітап фестивалдері де мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге оқ әсерін тигізіп тұрғанын да айта кеткен абзал.

Негізінен Қызылорда қаласында мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағытында атқарылып жатқан әрбір жұмыс өміршеңдігімен құнды. Оның ішінде тіл мәдениетін қалыптастыру,



мыңнан астам көрермен қатысты. Бұл көрсеткіш мәдени шараларға деген қызығушылықтың жылдан-жылға артып келе жатқанын аңғартады. Бұл тұрғыда мемлекеттік және ұлттық мерекелерге арналған салтанатты бағдарламалар, патриоттық акциялар, әдеби-рухани кездесулер, жастар жобалары мен қайырымдылық акциялары қоғамның түрлі буынын қамтиды.

Брифингте жартыжылдық жұмысты жіктеп шыққан бөлім басшысы биылғы жыл еншісіндегі ең ірі мәдени оқиғаларға да ерекше тоқталып өтті. Оның ішінде қайта жаңғыртудан өткен Президент саябағының ашылуы жоғары сипатқа ие. Қазіргі таңда аталмыш саябақта ұйымдастырылған театрландырылған қойылымдар мен гала-концерттерге жиырма мыңға жуық тұрғын қатысып, жаңа қоғамдық кеңістігі қалыптасқан мәдени орталыққа айналды.

Сыр шаһарында биылғы Наурыз мерекесі де бұрынғыдан өзгеше мазмұнда өтті. Атап айтқанда, қаланың сол жағалауында ашылған «Қайсар Арена» аумағында өткен «Береке бастауы – өз Наурыз» бағдарламасы ұлттық салт-дәстүрді жаңа форматта насихаттап, жиырма мыңнан астам адамды біріктірді. Ал Ұлттық киім күніне арналған «Ұлт мұрасы – ұлттық киім» шеруі ұлттық болмысты жаңғырту бағытындағы маңызды жобалардың біріне айналды. Қазақстан халқының бірлігі күні де кең көлемде ұйымдастырылып, Президент саябағында он бес мыңнан астам тұрғынның басын қосты.

Брифингте мәдениет саласының тағы бір маңызды бағыты жас таланттарды қолдау аясында да ерекше назар аударылды. Өз кезегінде қаладағы мәдениет үйлері жанындағы шығармашылық үйірмелер бүгінде дарынды балалардың өнердегі алғашқы мектебіне айналғаны тілге тиек болды. Нақты айтқанда қаңтар-шілде айлары аралығында 383 өнерпаз 53-тен астам халықаралық, республикалық және өңірлік байқауға қатысып, жүзден астам жүлделі орын иеленіпті.

Осы ретте өнерпаздардың халықаралық деңгейдегі жетістіктері ерекше назар аударуға тұрарлық. Қалаға қарасты мәдениет үйлері

Қазіргі таңда мәдениет саласы шығармашылықпен ғана өлшенбейді. Ол өңірдің инвестициялық тартымдылығына, туристік әлеуетіне, тұрғындардың өмір сапасына тікелей әсер ететін факторлардың біріне айналды. Сондықтан мәдениетті дамыту – болашаққа салынған инвестиция. Ал Қызылорда қаласында осы бағыттағы жұмыстардың жүйелі жүргізілуі өңірдің рухани әлеуетінің жылдан-жылға артып келе жатқанын айқын көрсетеді.

ТЕАТР – РУХАНИ МЕКТЕП

Өңір мәдениетіндегі ерекше құбылыстың тағы бірі – Қызылорда қаласының Жастар театрының орны өз алдына бір төбе.

Негізінен театр – қоғамның рухани деңгейін айқындайтын, адам жанының айнасындай болған өнер ордасы саналады. Қай кезеңде болмасын сахна халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, ұлттық құндылықтарды ұлықтап келеді. Қазіргідей ақпараттық технологиялар қарыштап дамып, жастардың бос уақытының басым бөлігі әлеуметтік желіде өтіп жатқан уақытта театрдың тәрбиелік маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Себебі сахнадан көрермен өмірдің өз шындығын, адамгершілік құндылықтарды, елдік пен ерліктің енегесін көреді.

Бұл ретте 2024 жылдан бері кәсіби театр мәртебесінде жұмыс істеп келе жатқан шығармашылық ұжым бүгінде облыстың мәдени кеңістігінде өзіндік орны бар өнер ордасына айналды. Аз ғана уақыттың ішінде театр көрермен ықыласына бөленіп, республикалық деңгейде де өзінің кәсіби әлеуетін дәлелдей алды.

Жастар театрының кәсіби театр ретінде қайта құрылуы Сыр өңірінің мәдени өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі болды. Бұл ұжымның шығармашылық мүмкіндігін кеңейтіп қана қоймай, кәсіби актерлердің, режиссерлердің және сахна мамандарының жаңа жобалары жүзеге асыруына жол ашарды.

Бүгінде театрда 50-ден астам қызметкер еңбек етеді. Олардың қатарында актерлер, режиссерлер, суретшілер, дыбыс және жарық режиссерлері, сахна қызметкерлері



жобалар белсенді оқырмандар қатарын көбейтіп келеді. Бұл бастамалар жастардың шығармашылық ойлауын дамытуға, ұлттық әдебиетке қызығушылықты күшейтуге және интеллектуалды ортаны қалыптастыруға ықпал етуде.

Қазіргі таңда кітапханалар жергілікті қаламгерлердің шығармаларын кеңінен насихаттауға басымдық беруде. Ақын-жазушылармен кездесулер, жаңа кітаптардың тұсаукесері, әдеби композициялар, поэзия кештері мен кітап көрмелері тұрақты ұйымдастырылып келеді. Бұл жұмыс-

семинарлар, дөңгелек үстелдер, пікірталастар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізіліп, мемлекеттік тілдің нормаларын сақтау мәселелері кеңінен талқыландуда.

Сонымен қатар қазақ тілінің орфографиялық және орфоэпиялық нормаларын түсіндіру, жаңа емле

жастардың мемлекеттік тілге қызығушылығын арттыру, көрнекі ақпараттардың сапасын жақсарту, мәдени-ағартушылық жобаларды көбейту бастамалары қазақ тілінің қоғамдық өмірдегі орнын нығайтуға бағытталған.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН: Жалпы Қызылорда қаласының мәдениет саласы жыл өткен сайын қарқынды дамып, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің, шығармашылықты қолдаудың және қоғамдық бірлікті нығайтудың маңызды тетігіне айналып келеді. Осы ретте қала мәдениетінің алғашқы жарты-жылдығын қорытындылаған бұл жыын осы бағыттағы жұмыстардың жүйелі жүзеге асып жатқанын және өңірдің рухани әлеуеті арта түскенін көрсетті.

Е. ТАҒЫБЕРГЕНҰЛЫ

НӘЛІБАЕВТЫҢ САПАРЫ – ҮКІМЕТТІҢ ТАПСЫРМАСЫ

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Президент саябағы аумағында салынып жатқан еліміздегі үшінші Президенттік кітапхана мен драма театр құрылысын көріп шықты.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Қызылорда қаласында тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана мен жаңа драма театр салуды тапсырған болатын.

Осы тапсырмаға сәйкес сәуір айында екі нысанның іргетасы қаланды.

Кітапхана құрылысына инвестор қаражаты есебінен 20 млрд. теңге бөлінген. Жалпы аумағы 13 мың шаршы метр ғимаратта электронды оқу, конференция залдары, архив, баспахана,

жүргіншілер жолы мен веложол асатын салынады. Бүгінде жұмыстың 50 пайызы аяқталған.

Бұдан кейін Нұрлыбек Машбекұлына алдағы уақытта өңірде жүзеге асатын жаңа инвестициялық жобалар таныстырылды. Олар - сол жағалауда салынатын тұрғын үй кешені, желдету және ауа баптау қондырғыларын құрастыру, санитарлық-техникалық бұйымдар құрастыру және өндіру жобалары, томат пастасы мен көкөніс пюресі өндірісі, сұйытылған табиғи газ өндіру, екі қорғасын-мырыш тау-кен байыту зауыты, көпфункционалды сауда-ойын-сауық кешені.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда облысына жұмыс

сапарында Мемлекет басшысының қолдауымен ашылған Ботаникалық бақ пен «Аi-Kerim» оқу-сауықтыру орталығына барды. Президент саябағы аумағындағы бұл нысандар аймақты Нұрлыбек Машбекұлы басқарған кезде салынған. Құрылысына 4,9 млрд теңге бөлінген Ботаникалық бақ жобасының бас мердігері - «Аlem Qurlyys AQ» ЖШС.

Экологиялық мәдениет пен туризмді дамытуға бағытталған заманауи көпфункционалды кешенде бірнеше мемлекеттен арнайы әкелінген экзотикалық және тропикалық өсімдіктер бар. Атап айтқанда, Қытай, Оңтүстік Африка, Жапония, Оңтүстік және Орталық Америка, Австралия, Мадагаскар сияқты елдерде өсетін 92 түрлі 3300-ден астам өсімдік егілген. Жасыл желекке қолайлы жағдай жасау үшін микроклиматты автоматты басқарудың, суару және су дайындаудың заманауи инженерлік жүйелерімен жабдықталған.

Аймақта Президент қолдауымен халық игілігіне табысталған тағы бір нысан – жыл бойы қызмет көрсететін «Аi-KERIM» оқу-сауықтыру орталығы. Құрылысына 10 млрд. теңге бөлінген 300 орындық тынығу лагерінің материалдық-техникалық базасы әлемдік озық стандарттарға толық сәйкес келеді. Орталық аумағында әкімшілік ғимарат, ауқымды іс-шараларға арналған ивент-аймақ, 4 жайлы жатақхана және қонақүй үлгісіндегі ғимарат бар.

Сонымен қатар балалар демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында барлық қажетті инфрақұрылым мен заманауи жабдықтар орнатылып, демалыс аймақтары жасақталған. Аумағы толық абаттандырылып, көгалдандырылған.

Нұрлыбек Нәлібаев бастаған делегация спорт залын, бассейнді, кітапхананы, инклюзия, робототехника, 3D графика, ғарыш инженериясы, өнер, ғарыш және радио байланыс, астрономия, әуе және ұшқыш, биология кабинеттерін, лагерь ауласындағы амфитеатр, киіз үй және жатақхананы аралады.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Н.НӘЛІБАЕВ:

- Президент Қызылорда қаласындағы көпфункционалды 300 орындық аурухананы биыл аяқтауды тапсырған болатын. Биыл міндетті түрде аяқталады. Алдағы қыркүйек айында сапасына өте қатты мән беру керек. Қаражатының барлығы шешілген.

Қаражаттан ешқандай мәселе жоқ. Қазір екі жыл көлемінде салынып жатыр. Халық қанша уақыт күтті. Халыққа өте қажет.

100 келушіге арналған емханасы бар, онкологиялық бөлімшесі бар 300 төсектік аурухана біздің өңір үшін өте маңызды. Тек қана өңір үшін емес, жалпы аймақ үшін өте маңызды. Сапаға өте қатты көңіл бөлу керек. Негізгі жұмыстың бәрі бітті. Қазір әрлеу жұмыстары жүріп жатыр. Осы жерде бәрі көрінеді. Өте сапалы, әдемі, көрікті. Ертең ел дем алып, ем алып, тәмі сауығып, көңіл-күйі көтеріліп кетуі керек. Тағы да айтамын, қаражаттан мәселе жоқ, тек сапалы, уақытында аяқталуы керек.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы медициналық нысандардың құрылыс барысымен танысты.

Мемлекет басшысы қаламызда өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында:

“Қазір Қызылорда облысында, әсіресе, әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды. Бұған қоса, 40 медицина нысаны ашылды. Менің тапсырмаммен Қызылордада 300 орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Көп ұзамай 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салынады” деп атап өткен болатын.

Нұрлыбек Машбекұлы Титов шағын ауданында салынып жатқан, бір ауысымда 400 келушіні қабылдайтын №5 қалалық емхананың құрылыс алаңына барды.

Бүгінде аумағы 9 мың шаршы метрлік медициналық нысанның үшінші қабатының монолитті бағандары бетондалуда. Бірінші қабаттың аралық қабырғалары қаланып, ішкі инженерлік желілер тартылып жатыр. Жертөле қабатының аралық қабырғаларын қаланып біткен.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Сыр-дария өзенінің сол жағалауындағы бір ауысымда 500 адам қабылдайтын емхана құрылысымен де танысты. Қазіргі уақытта нысанның іргетасы қалануда. Көпсалалы орталықта амбулаториялық-емханалық, диагностикалық және күндізгі стационарлық қызмет көрсетіледі. Мұнда жалпы және акушерлік-гинекологиялық тіркеу, педиатрия, мамандандырылған және шұғыл медициналық көмек, профилактика және мектеп медицинасы бөлімдері орналасады. Сондай-ақ, 50 төсектік күндізгі стационар, орталық стерилизация бөлімі, дәрілік қамтамасыз ету қызметі, оқу кабинеттері, 50 орындық аудитория және 200 орындық конференц-зал қарастырылған.

Сол жағалаудағы 300 төсектік көпбейінді аурухана - бір ауысымда 100 адамды қабылдайтын емханасы бар медициналық кешен. Онда емхана, пансионат, операция, реанимация, химиотерапия және радиотерапия бөлімдері, физиотерапия, қабылдау және әкімшілік блоктары болады. Қазіргі уақытта абаттандыру және ішкі-сыртқы әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Бұған дейін бетондалып, аралық қабырғалары қаланып және сырланып біткен, еденнің тегістегіш қабаты құйылған. Осы кезде керамикалық плитка төселіп, сыртқы қасбетке линейрлы панель орнатылып жатыр.

Басы 1-бетте



бағдарламалау және жасанды интеллектті дамыту медиазертханасы, подкаст студиясы, оқырмандарға қызмет көрсету бөлімдері болады. Мұнда бір миллионнан астам кітап қорын сақтауға мүмкіндік бар. Жаңа нысан өңірдегі кітапхана инфрақұрылымын дамытып, ақпараттық-мәдени ортаны нығайтады.

Ал жаңа драма театрдың жалпы аумағы 4 мың шаршы метрден асады, 520 көрерменге арналған. Онда репетициялық залдар, студия және шығармашылық кеңістіктер, әкімшілік кабинеттер орналасады. Сондай-ақ, заманауи сахналық техника, қуатты дыбыс жүйесі және соңғы үлгідегі жабдықтар түрлі жанрдағы қойылымдарды жоғары деңгейде сахналауға мүмкіндік береді.

Екі нысанның құрылыс барысымен танысқан Премьер-министрдің бірінші орынбасары жауапты сала басшыларына ғимараттардың сапалы әрі заманауи үлгіге сай болуын жіті қадағалауды тапсырды.

Сырдария өзені жағалауындағы қорғаныс бөгетінің құрылысы да қарқын алған. Ұзындығы 3 шақырым аумақтың екі шақырымына геобекіткіш тор төселіп, таспен толтырылады. Қалған бөлігінде еңісті қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар жағалауды шайылудан қорғайтын арнайы тірек құрылымдары орнатылуда. Тұрғындарға қауіпсіз әрі қолайлы болу үшін жаяу



ЖАНСАҚАЛОВТЫҢ ЖЕТПІС ЖАСЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерешбаев Қазақстанның Құрметті Құрылысшысы, сала ардагері Әбдімәжит Жансақаловты 70 жас мерейтойымен құттықтады.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ел мүддесі – бәрінен биік. Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуге тиіс. Еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі» - деген болатын.

Саналы ғұмырын аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына арнаған азаматтарды ардақтап, лайықты құрмет көрсету игі дәстүрімізге айналды.

Бүгінгі ресми жиынымыз белгілі құрылысшы, ардақты ағамыз Жансақалов Әбдімәжит Әлмағамбетұлының мерейлі 70 жасқа толуына арналады. Сыр жұртшылығы аймағымыздың дамуына зор үлес қосып, елдің ыстық ықыласына бөленіп жүрген Өзіншедік жерлерімен мақтанады.

Бүгінгі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз!

Алдағы уақытта үлкендік ақыл-кеңесіңізбен жастарға жол көрсетіп, игі істердің басында жүре беріңіз. Ұрпағыңыздың қызығына бөленіп, ел алдында абыройыңыз арта берсін! Тойыңыз тойға ұлассын!», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Мерейтой иесіне Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың арнайы Құттықтауы табысталды. Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Қызылорда облысының Құрмет грамотасы және «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі тапсырылып, дәстүрге сай құрмет көрсетілді.

Жиында ел ағалары Жәнібұл Нұрқыш, Ибрагим Әбибуллаев және Дайрабай Ысқақов мерейтой иесіне ізгі тілектерін білдірді.

Бүгінде «Дәнекер құрылыс компаниясы» өңірдегі маңызды әлеуметтік нысандардың құрылысын салған. Мемлекеттік бағдарламалар аясында бой көтерген мектептер, балабақшалар, мәдениет және спорт нысандары, емханалар, көпсалалы балалар ауруханасы, облыстық қан орталығы, сол жағалаудағы көпқабатты тұрғын үйлер мен ауылдық жердегі фельдшерлік-акушерлік пункттер ел игілігіне қызмет етуде.

Әбдімәжит Әлмағамбетұлы Қызылорда политехникумында, Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтында инженер-құрылысшы мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын Сырдария ауданында инженер, учаске шебері болып бастап, кейін аудандық ауыл шаруашылығы мекемесінде құрылыс саласын қадағалау тобының басшысы, СПМК-1 мекемесінің бас инженері және басшысы қызметтерін абыроймен атқарды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында құрылыс ұйымдары қысқарған кезеңде ұжымды сақтап қалу мақсатында «Дәнекер» акционерлік қоғамын құрды. Бірнеше мәрте қалалық және облыстық мәслихат депутаты болып сайланды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ 72,3%-Ы ЖАҢА ҚҰРЫЛТАЙ ҮШІН ДАУЫС БЕРУГЕ ДАЙЫН

Қоғамдық саясат институты сауалнамасының нәтижелері 2026 жылғы 23 тамызда өтетін Құрылтай сайлауы туралы халықтың хабардар болу деңгейі жоғары екенін көрсетеді.

Зерттеу деректеріне сәйкес, респонденттердің 89,4% алдағы сайлау туралы хабардар («Сіз 2026 жылғы 23 тамызда Құрылтай сайлауы өтетіні туралы білесіз бе?»): 55,2% сайлау туралы толық хабардар екенін, тағы да 34,2% сайлау туралы естігенін, бірақ егжей-тегжейлі білмейтінін мәлімдеді.

Құрылтай сайлауы туралы хабардар болу деңгейі респонденттердің жас ерекшелігіне тікелей статистикалық тәуелді екені байқалады: респонденттің жасы ұлғайған сайын оның сайлау туралы хабардар болу деңгейі де арта түседі. Сайлау туралы хабардар болу деңгейі ауыл тұрғындары арасында жоғары.

Әлеуетті электоратты белсенділік көрсеткіші де азаматтардың дауыс беруге дайындық деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, респонденттердің 72,3% Құрылтай сайлауына қатысуға ниетті екенін мәлімдеді («Сіз 2026 жылғы 23 тамызда өтетін Құрылтай сайлауында дауыс беруді жоспарлап отырсыз ба?»). Сонымен қатар, респонденттердің 11,9% дауыс беруге қатысуды жоспарламайтынын мәлімдеді. Ал 15,8% әлі нақты шешім қабылдамаған, оның ішінде жауап беруге қиналған респонденттердің 0,5%-ы бар.

Әлеуетті электораттың басты

ерекшеліктерінің бірі оның сабақтастығы болып отыр. Атап айтқанда, сайлауға қатысуға ниетті респонденттердің 87,6% 2026 жылғы 15 наурызда өткен жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі республикалық референдумға да қатысқан («Сіз төменде көрсетілген сайлау науқандарының қайсысына қатыстыңыз/дауыс бердіңіз?»). Бұл елдегі негізгі саяси науқандарға үнемі қатысатын азаматтардың тұрақты тобы қалыптасқанын көрсетеді.

Сайлауға қатысуға ниетті азаматтардың электоралдық тандауы бойынша «Әділет» партиясы алда келеді. Аталған партияға респонденттердің 67,3% дауыс беруге дайын екенін білдірді («Сіз Құрылтай сайлауында қай партияға дауыс бересіз?»). Партияны қолдау деңгейі 36-60 жастағы респонденттер, ауыл тұрғындары арасында жоғары екені байқалады. Атап өтерлігі, осы партияны қолдайтындар сайлауға қатысуға ниетті респонденттер арасында шоғырланған.

Екінші орынға 6,2% нәтижесімен «Ауыл» партиясы орналасты. Өрі қарай «Respublica» – 5,5%, «Ақ жол» – 4,8%, ЖСДП – 4,3%, ҚХП – 3,9%, «Байтақ» – 1,1% көрсеткіштерімен жайғасты.

Ал респонденттердің 1,6% барлық партияларға қарсымын деп дауыс беруді ниет етсе, 5,3% әлі шешім қабылдамағанын айтты.

Талдау нәтижелері партияны тандауға ықпал ететін негізгі фактор («Жоғарыда көрсетілген

партиялардың біріне дауыс беруіңізге негізгі себеп қандай?», респонденттің бірнеше жауап нұсқасын тандау мүмкіндігі болды) – оның бастамаларына берілетін оң баға екенін көрсетті, бұл жауапты респонденттердің 44,4% тандаған, екінші орында – респонденттердің белгілі бір партиямен тұрақты байланысты сезінуі («Мен – осы партияның жақтасымын» – 29,2%). Одан кейін «Қазақстанның келешегі осы партиямен байланысты» (25,3%) және «Партияның сайлаушылармен жұмыс істеу тәсілі маған ұнайды» (14,7%) деген пікір жиі кездеседі.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері азаматтардың алдағы Құрылтай сайлауына деген ынтасының жоғары деңгейде екенін және электоралдық жұмылдырудың жеткілікті дәрежеде қалыптасқанын көрсетеді.

Сауалнаманы Қоғамдық саясат институты 2026 жылғы 7-27 шілде аралығында ұлттық репрезентативті іріктеме негізінде жүргізді. Іріктеме көлемі – 18 жастан асқан 8000 респондент (17 облыс, Астана, Алматы, Шымкент қалалары). Іріктеме қателігі – ±1,19%. Деректерді жинау әдісі – жаппай сауалнама (face-to-face). Қоғамдық саясат институты деректерді ҚР «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес ҚР Орталық сайлау комиссиясын 2026 жылғы 4 шілдедегі № КҚ–26/14 жазбаша хабардар ету негізінде жариялайды.

Кітапхана



Мұхтар МАҒАУИН

Ертеңіне түп көтеріле көштік. Казактардың қарасыны молайып, қайтып келмесіне сенім жоқ. Оның үстіне, жазғы жайылым реті де солай сияқты. Біз жылжи қонып, арада үш күн өткен соң, шағалалы көлдердің бірінің жағасына тоқтадық. Бүкіләлемдік қырғын соғыс басталғанын мен осы жерде жатып естідім. Менің континенттік туыстарым - германдық нәсіл бір жақта, англо-саксондар, романдар мен славяндар бір жақта - жер шарында адам қанынан ағатын өзендер жасауға көптен құмартып жүрген. Тілегені табылды. Енді бірінің басын бірі жоймай тоқтамайды. Варварлар!..

Алғашқы күндерде-ақ біздің, яғни, Россия қарулы күштерінің барлық майданда бірдей сәтсіздікке ұшырай бастағаны аңғарылды. Орыс әкімшілігімен, казак станицаларымен байланысы бар ел билеушілер арқылы ұзынқұлақтан тараған хабар осындай. Мен қайсақтардың жүзінен "әй, өздеріне де сол керек!" деген сыңай таныдым. Орыс ретінде маған ондай жеңіліс те, мұндай пиғыл да өте ауыр тиді. Бабаларымның неше әулеті осы Державаның қуатын арттыру, іргесін кеңейту, абыройын көтеру жолында қаны мен терін аямап еді. Ендігі менің сиқым мынау. Бірақ өзімді қор санағанмен, бұратаналарды кінәлай алмадым. Социал-демократтар партиясы көсемдерінің бірі: "Алдағы бүкіләлемдік қырғында біз өз еліміздің, яғни Россияның күйреп жеңілуін тілейміз", - деп еді. Қираған, құлаған империяның моласы үстіне жаңа қоғам орнатпақ. Мүмкін, сөзінің қисыны да бар шығар. Монархия ел тыныш, жұрт аман кезде өе бетімен биліктен кетпейді. Бірақ мен өте жайсыз халге түскен едім. Екі жақта да тоталдық мобилизация жүріп жатқан сияқты. Қайсақтар переселендер тұрағы, казак станицаларында бас көтерер еркек қалған жоқ десіп жүрді. Көп ұзамай Брусиловтың тепкіні туралы дақырт жетті (Стамбек орыс әскерлерінің Шығыс Пруссиядағы тұтқиыл шабуылы туралы айтып отырған сияқты; Брусилов тепкіні - "Брусиловский прорыв" - бұдан көп кейін, - М). Мен қуана алмадым. Бір ұрыста ұтармыз, мұнымен соғыс бітпейді. Өлемдік қырғынның арты немен тынары белгісіз, әйтеуір жуық манда толастамасы анық еді. Яғни, менің меймандық сапарым созыла түседі деген сөз. Россия тар. Еуропа отқа оранған. Қытай мен Жапонияда мені күтіп отырған ешкім жоқ - ұшы-қырысыз дала мұхитының ортасында жападан-жалғыз өзім, шарасыз, дерменсіз кепке тұсым. Даниэль Дефо хикаясынан бар айырмам - иесіз аралда кемесі қираған Робинзон емеспін, Робинзондар еліне түскен Жұмамын.

Гимназист кезімде оқыған, авторларында, атын да ұмытқан отарлық романдарда әлдебір ақ адам зәңгілердің бе, үндістердің бе, полинезиялықтардың ба - әйтеуір қиыр өлкедегі түземдіктердің ортасына түсетін де, даналық пен ерліктің небір ғажайып үлгілерін жасайтын. Ақылы асып жатады, ерлігі басым шығады, өнері, білімі өз алдына, әрі керікті, әрі мінезді; ақыр түбінде ру көсемі, тайпа батыры танылып, түземдік ең сұлу қызды күндікке, - күндікке, өйткені асып туған ақ адамның алыста қалған үлгілі христиан елінде өзін зарыға күтіп отырған абзал жанды асыл жауы бар, - уақытша қатындыққа алады, ақыр түбінде қойы-қонышын алтын мен алмасқа толтырып, Англияға (Испанияға, Францияға, Германияға) оралады. Бәрі өтірік. Жат ортаға - қаралардың, қоңырлар мен қызылдардың арасына түскен ақ адам ең бақытты жағдайда менің кебіме енбек - құрметті қонақ ретінде сол ру, тайпа, аралдағы жұпыны көптің біріне айналады. Онда да жүрегі таза, пейілі түзу болса ғана. Өйткені, цивилизация аталатын жұқпалы дерттен бейхабар, ең алыс арал, шытырман джунглидің ішінде тұратын тыр жалаңаш түземдіктің өзі ақ адамды ең алғаш көргенде тек қана танырқаса керек. Оның тұр-түсі, киімі, жүріс-тұрысы тегіс тұрпалы тәрізденеді, орынсыз,

әдепсіз көрінеді. Езгіге түспей, мыйы шырмалмай тұрған әуелгі кезде ең төменгі сатыдағы жабайы өзін ақ адамнан артық санайды. Өріне, қорқады. Қорқуы мүмкін. Ең мәдениетті, ең ақылды деген кісіміз жол тосқан қарақшыдан, елес пен жын-шайтаннан қорқады ғой. Табынбайды, қорқады. Қайдағы табыну. Табынғаны сол ма – ержүрек Магелланды қырық бөлек етіп турапты, капитан Кукті тұздамай, қақтамай-ақ отқа пісіріп жепті. Әлі келген соң, әріне. Өкінішке қарай, көбіне керісінше болады. Біз - артық жаратылған, яғни бұзық, қанішер туған ақ раса Вест-Индияны үндістерден тазарттық, Африканы құлдыққа жектік, Азияны бұтарлап жатырмыз, Океания-

роман

САРЫ ҚАЗАҚ

да не қалғанын ешкім біліп болмайды. Міне бұл талассыз ақиқат. Ендеше, Магелланың қара қанын ағызған Силапу-Лапу жасасын! Кукті пісіріп жеген аты белгісіз азаматтар жасасын! Бүкіл түземдіктер әулеті алғашқы күннен бастап осылай күрессе, олардың өмірі ұзағырақ болар еді, өлемнің этникалық картасы да басқашарақ сызылар еді. Мүмкін, қазіргі жиһангерлік соғыс мемлекеттер арасында емес, құрылықтар арасында ақ нәсіл мен қалған адамзат арасында өтіп жатар еді. Сонда мен кім жағында соғыспақпын? Өріне... Өріне, зорлықшылар жағында емес. Яғни... қараларға қосыла қоймаспын, қызылдарға (түпнұсқада "краснокожие" емес, "красные", бірақ бұл сөз америкалық үндістер туралы айтылғаны салыстырғанда да ұжмақ ішине енген едім. Үйренбес қисын жоқ. Тіпті, мәңгі-бақи осы далада тұрып келе жатқан сияқтымын. Орманды, шалғынды, өзен, көлді кең дала. Мыңдаған жылқы мен қой. Күмбезді ақшаңнан шатырлар. Малдың еті мен сүтінен ғана дайындалатын табиғи, таза тағамдар. Ашық аспан астындағы ұйқы, ат үстіндегі серуен. Өзің ру көсемінің, ел ақсақалының бел баласысың... Иә, мен егіздің сыңары едім. Сіләмбек мырза екеуіміз, біздің қайсақтардың бейнелі тілімен айтқанда, егіз қозыдай, бірге жүреміз. Сіләмбек менен сабақ алады. Орыстың тілі мен хаты. Өте зерделі.

Ынтасы да мол, хат біліп, тілге бастыққан соң, әкесінің дәулеті жетеді, жаңа жүйедегі ел билігіне - болыстыққа таласпақ. Бірақ ең негізгісі бұл емес. Жанымыз жарасқан. Айрыла алмаймыз. Үйде де, түзде де. Жазда жұрт ішінде - жиын, тойда, қыста оңаша күста – жылқыда. Әуелде жұрт Сіләмбектің орыс бауыры дейтін, келе-келе Сыпатай байдың орыс баласы деді, ақыры Сыпатайдың Стамбегі болып шықтым: Сыпатай мырзаны көке деймін, Зербала бәйбішені апа деймін. Шынында да менің ата-анаға деген сезімім оянған. Кештеу болса да. Кеш дейтінім, өзімнің анам (түпнұсқада "матушка", - М.) жасымда өлген, әкемнің ("Батюшка") еркелетуі аз болды; менің өзім де табиғатымда жатбауыр тұсам керек, қапас-қамалда отырған кезімде, сірә, бүкіл әулетке келген осыншама "масқара" қорлыққа шыдай алмай, ажалынан бұрын үзілген әкемнің өлімі де толқыта қоймап еді, міне, соңғы неше атасынан бері қыспақ көріп келе жатқан, ұлкен ұлдары жазықсыздан жалаға ұшырап, Сібір айдалған, өмір заңы, табиғат заңы бойынша біздің нәсіл, біздің жұртты жек көруге тиіс Сыпатай мырза мен Зербала бәйбішеге қарап отырып, мен ата-ана дейтін сорлы жұрттың көңіл күйін, жан сырын ұққандай едім. Кеткен ата-анам, көз алдымдағы кемпір-шалға жаным ашыды, пейілім түсті. Оның үстіне, шынын айту керек, дәл осындай мінез-құлқжүйесі қазіргі кезде мен үшін өте пайдалы еді. Әлбетте, көдімгідей бала болма, осы, сулу болса да жабайы далада, мейірбан болса да жат халық ортасында қалам деп ойлағам жоқ. Мен күннен-күнге қызған, уақыт озған сайын көбірек құрбандық тілеген обыр Молох - адамзат басында бұрын-соңды болмаған ғаламат тағылықпен жүргізіліп жатқан қасап қырғынның - тажал соғыстың тоқталар күнін күтуім керек еді.

Қайдан. Көп ұзамай сырттағы соғыс ішке көшті. Басқа тәсілдермен, басқаша жағдайда, 16-жылы июньде бұратана жұрттан майдан жұмыстарына кісі алу туралы патша жарлығы шықты. Бүкіл қайсақ даласы дауыл тұрғандай дүрлікті. Қазір 16-жыл оқиғаларын білгіштердің қалай бағалап жатқанын білмеймін. Менің ойымша, орыс ретіндегі ғана емес, қазақ ретіндегі пікірімше, дүрлігетін ештеңе жоқ, әскер жұмысына жігіттерді беру керек еді. Қазақ зиялылары өздерінің жаңадан ашқан баспасөзі арқылы осыған үндеді. Бірақ қарсы үгіт пәрмендірек болды. Оқығандардың тағы бір тобы - көбіне кешегі семинаристер мен фельдшер, тілмаштар қайткенде де "орысқа бала бермеу", тіпті, көтеріліске шығу туралы насихат жүргізді. Менің ойымша, бұлардың біразы есірік ақымақ болса, біразы бөлкім көпшілігі патша өкіметінің арандатушы жандайшаптары еді. Ойлап көріңіз. Қалай бермейді? Қалай көтеріледі? Қазақтардың өз тілімен айтқанда, ашса алақанда, жұмса жұмырықта отыр. Қару жоқ. Әскер тәртібінен, қазіргі соғыс өнерінен мүлде бейхабар. Осындай жағдайда "Ой-

бір деп айтудың өзі артық. Патша жасағымен қандай да бір кездесу үлкен апат әкелетінін білгендіктен, мен үнемі көш соңында отырғам, офицерлерімен сөйлеспекпін, ешкімге зиянымыз жоғын айтып, мәмілеге келмекпін, тақа көнбесе, шығынға ұшырамай, аман-сау ежелгі ғұзырға - ескі қонысқа қайтуға да болады ғой. Алдымен елші алысармыз, содан соң шешім табармыз деп ойлағам. Көз ашқаннан патша тәртібін танып, қамаудан, айдаудан өтсем де ақылым кірмепті. Долбар, далбаса емес, аңқаулық, аңғалдық емес, нағыз кешелік, есуас ақымақтық екен. Империялық масаттық буына басы айналған великоросс, оның ішінде қанды қылыш казак бұратана жұртты кісі қатарына қоса ма. Бағып отырған мал құрлы, жайылып жүрген аң құрлы көрмейді. Кеңеспек қайда, тәжікелессе жөн ғой, тілдесуді артық санайды. Көп айтылатын "биішк пен тоқаш" (түпнұсқада "кнут и пряник", - М.) деген сөз бар ғой. Сірә, Британ империясына орайлы теңеу шығар. Бізде тоқаш жоқ, биішік тым әлсіз қару саналады, күркіреген зәңбіректі ғана мойындаймыз. Хош. Көлденеңнен казак жүздігі

көрінгенде мен бөгеліп, келіссөзге ыңғайланғам. Қасымдағы жігіттерге аузымды ашып үйірмедім, жорық сапымен келе жатқан жүздік қатарларын түзеді де, аспан астын күркірете уралап, дүрсе қойды. Әп-сәтте, бейқам болмаса да шұбыра созылып, бейбіт келе жатқан көшке жетіп, қақ ортасынан омырып өтті. Жарқылдатып қылыш сілтеп, қайыра шауып, жалпақ жұртты ту-талақай еткен. Теңі қисайған, бас үзген түйелер, иесі аударылып түскен, ерін мойнына алған аттар, әйелдердің шулаған, балалардың аңыраған, үлкендердің өкірген үні - аспан асты ойран-топалаң болды да кетті. Көш басындағы жасақ, ер тұстағы бестеген-ондаған жігіттер сонда ғана ес жиса керек, ақ сойылдарын көтеріп, берекесіз, жамырай ұмтылған. Тарсыл-гүрсіл сол кезде басталды. Еміне шапқан жігіттер құрық сілтер жер қайда, тұзақ тастар шамаға да жете алмай, ат-матымен омақа аса құлап жатыр. Тым-тырақай қашар дегем. Жан ашуды қиын екен, негізгі лек тоқтамады, ойран болған көш үстінде казактармен араласып кеткен. Кептің аты көп, қазарқаша ұрысып, сыпырылып шыға берді. Бірақ қатарлары бүтін сияқты, көп ұзамай, үш жүз қадамдай жерге барып, қайтадан сап түзеді.

Мен осы кезде ғана ес жиыппын. Менімен бірге көш соңын шапқыншылардан қорғауға тиіс бес серігім тегіс аттан түскен, қатарласа қорбандап, жерде жатыр. Сонау орта ғасырлардан қалған, ұңғысы ұзын, атылуы өте күрделі, жамау-құрау шіті мылтықтарын текенің мүйізінен жасалған қос ашаға тіреп қойып, атысып жатыр. Өздеріңнен атысып жатыр. Яғни, қазір Еуропаның музейлерінде де қалмаған жабайы мылтық төңірегін қара түтінге толтырып, тарс етіп атылады. Бірақ қалдай кеткені, қанша жерге жеткені белгісіз - құлап жатқан жау жоқ. Сонда ғана ақылым кірді. Аулақтай бере аттан түсіп, қара қасқа азбанды көлденең қойдым да, түбірек төмпешке шығып, винчестерді ердің арты қасына орнықтырдым. Бұрын тапаншадан басқа қару ұстамағам, бірақ оқпанына жедел атылатын он патрон сыйған қуатты карабиннің қалай атылатынын білем, санаулы болмаса да, қымбат оқты қимағаннан іс жүзінде сынамап едім. Топтана үйірілген казактар шабуылға бейімделгендей жазыла беріп еді, бел ортасын байлап, тәрс ұрдым. Сол сәтінде-ақ сымпыс құйрық жирен ат ойнап шыға берген. Келер мезетте, мен сабырмен сығалай тартып, екінші мәрте атқан кезде казак жүздігі қақ ортасынан опырылғандай көрінді. Сірә, жаудың бірін көктей тесіп өткен зілмауыр қорғасын екіншісін тағы өлтірген, немесе қатты жарааланған сияқты. Бағың, бүкіл империядағы тыңшылар мен жандармдарды жөнге салу ісіне жалғыз өзім кіріскен замандағы қанқұмарлық сезімім қайта оянса керек, мен екі-үш минут ішінде бесалты рет атып жібердім. Кейінгі оқтар нысанаға дарымады, немесе жанды жерден тиіп, бірден алып түспеді, әйтеуір иесі жер қауып, ойнап шыққан ат үшеу-ақ. Асықпай көздеп, тағы бір оқ жібердім. Өріне, мүлт кеткем жоқ. Сол кезде менің ақылынан аусарлығы басым ағайындарым, - әлбетте, бұрынғыларым емес, кейінгілерін, қазақтарды айтамын, - ұрандаса ұмтылған. Абыржымаған, тайқымаған орыс-казактар әудем жерге жіберіп алды да, тобымен атып, оңай қайырды. Бірақ өздері де сол орында қалмады. Өліктерін артып, иесіз, үрке шошыған төрт-бес аттың екі-үшеуін ұстап, тәртіппен аулағырақ шегінген. Мен жаңа, жігіттер қаптай ұмтылғанда тағы екі оқ жіберіп үлгерген едім, енді орайы келіп тұрса да, шалымнан озғанша қайыра атпадым. Оңсыз да есепті оқты аяғаннан,

жауынгерліктен ада, жендет дұшпанды есіркегеннен емес. Сөз жоқ, казактар қайсақ мылтықшыларының кай жерде жатқанын аңғарды, бірақ мынау топырдан қиыста, үш жүз қадамнан түтінсіз ұрып тұрған - жалғыз-ақ винтовка деп ойламауға тиіс. Менің жүйкесі берік бес серігім нысананың алысын жаңа ғана андағандай, нәтижесіз тарсылын тоқтатқан, енді сырымыз ашылып қалуы мүмкін. Оның үстіне казактар қосымша күш шақыру үшін кері бұрылған сияқты. Шынында да солай болды. Бірақ сол ғана емес екен. Біз артынан қуады деп қауіптенсе керек, казак жүздігі бар тәртібімен сап түзеп, қашпай, шегініп қана бара жатқанын айғақтағандай, желе аяңдап ұзай берді. Ұзай бере қырда, қатар айдалып келе жатқан жылқыға шапты. Өлеріне қарамай біздің жігіттер де ұмтылған. Казактардың негізгі тобы кері бұрылып, шеп құрып қанаттаса тоқтады да, қалғандары қиқулай өңмендеген қалпы, үш-төрт жүздей жылқыны бөліп алды. Содан соң барлығы бірдей ат қойды; алдағы малын шұққырата қуып, шашырай, жапырлай ентелеген қазақ жігіттеріне тарсылдата мылтық атып, дүркірей топырлап ұзай берген.

Жау келесі күні де, арғы күні де қайта шаппады. Кейін естідік, казактар бізден қозы көш жер ұзаған соң жараларын таңып, аз-маз ат шалдырыпты да, суыт жүріп, кешке қарай, жолда кездескен - көшпеген, көтерілмеген, Қайрақты бойында бейбіт отырған бір ауылды шауып, еркек кіндіктің тегіс қылыштан өткеріп, қыз-келіншектерін зорлап, масқаралап, екі мыңдай қой, бес жүздей жылқы айда Көкшетау шөріне үлкен салтанат үстінде қайтыпты. Осындай ұзақ, үлкен әрі жеңісті жорықта өлідей үшеу, жаралы төртеу - небәрі жеті адамынан айрылған.

Ал біздің шығынымыз орасан. Қаза тапқан қарулы жігіттің өз сексенге тарта. Қалысқа шалынған, жүктен жығылған, нөпірде ат тұяғының астында қалған қатын-қалаш, шал-шауқандардың ұзын саны отызға жақын. Өртүрлі жағдайда оншақты жас бала өліпті. Орны толмас қайғы. Бірақ ең үлкен қасірет - Сыпатай байдың жалғыз ұлы, менің туған бауырым Сіләмбек мырзаның қазаға ұшырауы еді. Сол жақ мығынан шабылған қылыш кеудені қақ айырыпты. Қанішер арам қылыштың жүзі менің жүрегімді де екіге бөліп түсіпті. Мен өткенге оралу жоқ екенін бар болмысыммен сонда ғана ұғындым.

Қаралы топалаң үстінде сабыр сақтаған Сыпатай ақсақал ғана. Мүрделерді жинатып, ауған жүкті, шашылған мүлкікті қайта артқызып, мерткікен, жараланған, өлген мал атаулыны сол арада қалдырып, көшті қайта түзді. Кеш бата Терісаққанның бір жағы су, бір жағы дөңес жарқабақ, шыға берісі қайың, тал аралас қалың жынысты бір түбегіне келіп жеттік. Қарауыл, күзет қойып, бекінген соң жүк түсіріліп, бел шешілген.

Таң атқанша ғана да, тыныштық та болмады. Өлгендерді жоқтап күңіренген әйелдер, жарақат жанына батқан, ыңырысқан еркектер, үрей буып шошыңған үлкен-кіші бала - бүкіл ауыл қаралы күн, қорқынышты елес тұмшаланған, аянышты әрі сұрқысыз кепке-ке түсіп еді. Төңіректі түнере басқан қараңғылықты серпте, қаптай жағылған от жарығында бүкшиген, жантайған, қарбаласқан адамдар, шашылған, үйілген жұк кеше ғана ауа көшкенімен, сөнсалтанаты алыстан танылған романтикалық суреттегі ауылдың ақырзаман апаты шарпыған халін айғақтай түскендей. Ертеңіне күнұзақ қайла, күрек ұстауға жарар жігіттер түбектен аулағары, - қырдағы төбе басынан қатар-қатар көр қаза бастады. Түні бойы мәліт күттік, жаназа шығарылды. Тәулік ішінде жарақаттан тағы бес-алты кісі өлген. Күн шыға Сіләмбек мырза бастаған арыс-тай-арыстай тоқсан жігітті, қырық шақты әйел мен бала-шағаны бірден жерледі. Терісаққан өзенінің сол жақ қабағындағы, атам заманнан бері боз жусан ғана өскен оқшау төбешік бір-ақ күнде соншама адамды қойнына жасырған атаусыз, аумақты зират болды да шықты.

Әуелгі жоба бойынша, азаматтарды көмісімен үдере көшпек едік. Бірақ жұрт қажыған. Тірілікпен, жақсылық атаулыдан күдер үзген. Азаматын жерлей сала, ай далаға тастап кету тағы ауыр. Екі-үш күн ере жасамақ болдық. Өріне, күндіз қарауыл, түнде кежеуіл - қамсыз емеспіз. Бірақ құдай тыныштығын берді. Шапқын, босқыныс бір апта жатып, шөйгіттердің жетісін өткердік. Содан соң ел екіге жарылған. Жарылды деп айта да қыян. Көпшілігі, түгелге жуығы, яғни бес жүзге тарта түңлік ата қонысқа - Қызылдар өңіріне оралуға бейкіңді. Ақ ту көтеріп, патша ағзамның ғұзырына қайтадан бас ұрмақ - кіндік кескен мекенге жетіп, не болса да қалың елмен бірге көрмек. Атекемнің ұрқына қараған шаңырақтар ғана әуелгі бағдарынан таймады. "Ақ патшаның салдатын да, хақ құдайдың алапатын да атқырып біттік", - деген Сыпатай мырза. Отыз үй Дәулеткелді әулетінен ғана он екі азамат шөйіт кеткен екен. (Ең ауыры біздің шаңырақтағы қаза -Сіләмбек мырза ғана емес, оның кішкентай қызы жәнә кіші шешемізден айрылды.) Енді тоқтар не қалды! Түркістан өтпек, Сырга жетпек. Мүмкін, Тәшкен асып, мұсылман қауымы жиын отырған қасиетті кенттердің бірін пана-лар. Күн озған сайын жат жұрт көбейіп, уыстан шығып бара жатқан қайырсыз қонысқа алаңдамайды.

(Жалғасы бар)

Қызылорда бүгінде қарқынды құрылыс алаңына айналды. Жыл сайын бой көтеріп жатқан заманауи тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар шаһардың сәулеттік келбетін жаңаша айшықтап, өңір орталығының даму қарқынын айқын көрсетіп келеді. Бұл өзгерістер қаланың сыртқы келбетін көркейтіп қана қоймай, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыруға да тың серпін беруде.

Қаладағы құрылыс саласының бүгінгі тынысы мен алдағы даму бағыттары Қызылорда қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Ердәулет Мүбәраттың қатысуымен өткен брифингте кеңінен сөз болды. Басқосуда жүзеге асырылып жатқан құрылыс жобаларының барысы, пайдалануға берілген нысандар және алдағы кезеңге межеленген жоспарлар жан-жақты таныстырылып, саланың негізгі басымдықтары айқындалды.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ БӘСЕҢДЕМЕЙДІ

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНА ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ

Кейінгі жылдары Қызылорданың қай бұрышын алып қарасаңыз да, құрылыс жұмыстарының қызу жүргізіліп жатқанын байқайсыз. Әсіресе қаланың сол жағалауындағы құрылыс қарқыны жоғары. Нәтижесінде күн сайын жаңа тұрғын үйлер бой көтеріп, инженерлік желілер тартылып, әлеуметтік инфра-құрылым кеңейіп келеді.

Брифингте мәлім болғандай, биыл Қызылорда қаласының құрылыс сала-сына 62 миллиард 918,6 миллион теңге бөлініпті. Осы қаржының басым бөлігі

болмайтыны белгілі. Сондықтан биыл инженерлік инфрақұрылымды дамы-туға 2 миллиард 170,3 миллион теңге бөлінген. Бұл қаржының бір бөлігі бұрын салынған тұрғын үйлердің инженерлік жүйелерін аяқтауға бағытталып отыр. Атап айтқанда сол жағалауда бұрын пайдалануға берілген он тұрғын үйдің сыртқы инженерлік желілері мен абаттандыру жұмыстары толық аяқталмақ. Сонымен бірге Тұңғыш Президент саябағы жанындағы тұрғын үйлердің инженерлік желілеріне 1 мил-лиард 517 миллион теңгеден астам қаржы қарастырылған. Яғни қала аумағында салынған жаңа үйлер тек пайдалануға беріліп қана қой-май, толыққанды инженерлік инфра-құрылыммен қамтамасыз етіледі.



тұрғын үй құрылысына, инженерлік инфрақұрылымды дамытуға, ауыз су және көріз жүйелерін жаңғыртуға, сондай-ақ, ауылдық елді мекендерді абаттандыруға бағытталуда.

Қазіргі таңда құрылыс саласы экономиканың тынысы мен жүздеген кәсіпорынның жұмысын алға бастырып тұр. Бұл мыңдаған адамның жұмыс-пен қамтылуы, инвестиция тарту, инженерлік жүйелердің жаңаруы және отбасы табысы артып, халықтың әлеу-меттік жағдайының жақсаруымен өлше-неді. Осы тұрғыда Сырдың бас шаһа-рында атқарылған жұмыстар сан алуан.

Атап айтқанда Қызылордадағы құрылыс бағдарламасының ең ірі бағыты тұрғын үй мәселесін шешу болып табылады. Осы мақсатта мемлекет бұрын-соңды болмаған қаржыны тұрғын үй сатып алуға бағыттап отыр. Нақты айтқанда, «Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу» бағдарламасына 52 миллиард 517 миллион теңге бөлінген. Бұл жалпы құрылыс бюджетінің басым бөлігін құрайды. Осы қаржыға Қызылорданың сол жағалауында жеке инвесторлар тұрғызатын жеті және тоғыз қабатты көппәтерлі үйлерден 1317 пәтер сатып алынуда. Бұл пәтерлер ең алдымен тұрғын үй кезегінде тұрған әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға беріледі. Соның негізінде жылдың алғашқы алты айында-ақ 25 пәтер сатып алынып, алғашқы қоныс иелеріне табысталыпты.

Сол жағалау демекші, кейінгі кездері дарияның сол жағалауы Қызылорданың ең қарқынды дамып жатқан бөлігіне айналып отыр. Кезінде бос жатқан аумақта бүгінде жаңа шағын аудандар, әлеуметтік нысандар, кең көшелер мен тұрғын үйлер пайда болды.

Сонымен қатар 2025 жылы басталған екі 84 пәтерлі жеті қабатты тұрғын үйдің құрылысына биыл 2 миллиард 497,6 миллион теңге бөлінген. Бұл үйлердің құрылысын «ПромстройсервисЕ» және «Орион ЛТД» серіктестіктері жүр-гізіп жатыр. Жобалар толық аяқтал-ған кезде ондаған отбасы жаңа бас-панаға ие болады деген жоспар бар. Сол сияқты Тұңғыш Президент саябағының маңында салынып жатқан 15 тұрғын үйдегі 945 пәтер «Отбасы банк» арқылы ипотекалық бағдарлама бойынша сатып алу құқығымен халыққа ұсынылады. Бұдан бөлек осы ауданның қарсы бетінде тағы 22 тоғыз қабатты тұрғын үйдің құрылысы жоспарланып отыр. Демек алдағы бірнеше жылда сол жағалау толыққанды жаңа тұрғын ауданға айналады деп күтілуде.

Көпшілік құрылыс дегенде тұрғын үйлерді ғана көз алдына елестетеді. Алайда кез-келген жаңа үйдің артында үлкен инженерлік инфрақұрылым тұрады. Осы орайда электр қуаты бол-маса, су келмесе, көріз жүйесі жүргі-зілмесе, немесе жол салынбаса, ең әдемі үйдің өзі тұрғындарға жайлы

ИНЖЕНЕРЛІК-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУТҮ



Қала аумағын кеңейту жұмыстары мұнымен шектелмек емес. Қызыл-орданы көріктендіру ісі кезең-кезеңімен жалғасып келеді. Соның ішінде Жез-қазған тасжолының бойындағы 150 гектар жаңа тұрғын ауданның инже-нерлік желілері салынып, қиыршық тас жолының құрылысы толық аяқталды. Келешекте ондаған тұрғын үйдің, әлеуметтік нысандардың және кәсіп-керлік объектілерінің салынуына негіз болатын инфрақұрылым саналады. Сонымен қатар Қошыңқырау ауылдық округіндегі Абай ауылында орналасқан Сивир фермасы учаскесіне қиыршық тас төсеу жұмыстары жалғасуда екен.

АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРҒАН ЖОБАЛАР

Қызылорда қаласының құрамын-дағы ауылдық округтерді дамыту соңғы жылдары мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды. Бұл тұрғыда «Ауыл – Ел бесігі» ұлттық жобасы соның нақты көрінісі. Бағдарламаның басты мақсаты – ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартып, қала мен ауыл арасындағы инфрақұрылымдық алшақтықты азай-туға жол ашады.

Биыл осы бағдарлама аясында 2 миллиард 258,1 миллион теңге бөлініп, бірнеше ірі инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылуда. Бұл қаржы ең алды-мен электрмен жабдықтау жүйесін жаң-ғыртуға, жаңа тұрғын аймақтарды инже-нерлік желілермен қамтамасыз етуге және тозығы жеткен электр тарту желілерін қайта жаңартуға бағытталып отыр.

Соның ішіндегі ең ауқымдысы – Қызылжарма ауылдық округіндегі 67 көшені электрмен жабдықтау құры-лысының мәні зор. Бұл мақсатқа 1 мил-лиард 389,7 миллион теңге бөлініп, бүгінде жоба толық аяқталған. Соның нәтижесінде бұрын электр қуатының тұрақсыздығынан қиындық көрген тұр-ғындардың мәселесі шешімін тауып, жаңа тұрғын үйлерді инженерлік желі-лерге қосуға мүмкіндік жасалды. Сон-дай-ақ, Ақсуат ауылдық округінің

екінші іске қосу кешені биыл толық аяқталды. Бұл мақсатқа республикалық және облыстық бюджеттен 976,2 миллион теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары белгіленген мерзімде жүзеге асырылды.

Мақсатты жұмыстың нәтижесінде бұрын қатты отын немесе сұйытылған газ пайдалануға мәжбүр болған отбасылар енді табиғи газдың игілігін көруге мүмкіндік алды. Бұл ең алдымен, қысқы маусымда отын тасу, көмір түсіру,

айналып келеді. Мұндай қарқынды даму инженерлік қамтамасыз етудің жаңа деңгейін талап етеді. Сондықтан 40 мегаваттық қазандықтың пайдалануға берілуі – бүгінгі қажеттілікті ғана емес, ертеңгі өсімді де ескерген ұзақ мерзімді шешім деп бағалауға лайық.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

Қала инфрақұрылымының сапасы көбіне көзге көріне бермейтін, бірақ күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі саналатын ауыз су және көріз жүйе-лерінің жағдайымен өлшенеді. Егер тұрғындар тәулігі бойы сапалы



жаңа қоныс аумағын электрмен қам-тамасыз ету жобасы да сәтті жүзеге асырылыпты. Бұл бағытқа 312,8 миллион теңге бөлініп, жаңа тұрғын массивіне толыққанды электр желілері тартылған. Соңғы жылдары халық саны өсіп, жаңа тұрғын үйлер бой көтеріп жатқан «Ақсуат» үшін бұл жобаның әлеуметтік маңызы зор.

Бағдарлама шеңберіндегі тағы бір маңызды жұмыс – Қызылөзек ауылдық округіне қарасты Қараөзек ауылы, Қараөзек бекеті және Айнакөл ауылдарының электр тарту желілерін қайта жаңғырту. Бұл мақсатқа 393,2 миллион теңге бөлініп, құрылыс-монтаж жұмыстары жалғасып жатыр екен.

Жоба аясында жоспарлы жұмыстар желі тартумен ғана шектелмей, ондаған жыл бойы пайдаланылып келген ескі электр инфрақұрылымын толық жаңар-туға да басымдық беріліп отыр. Бұл

күл шығару машақатынан арылуға сеп болды.

Көгілдір отынның келуі экологиялық тұрғыдан да маңызды рөл атқарады. Өйткені көмір жағудан бөлінетін түтін мен зиянды қалдықтардың азаюы ауа сапасына оң әсер етеді. Бұл әсіресе балалардың, қарттардың және тыныс алу жүйесі ауруларына бейім тұрғындардың денсаулығы үшін маңызды фактор саналады.

Газдандыру кәсіпкерліктің дамуына да жаңа серпін берері белгілі. Әсіресе, наубайхана, қоғамдық тамақтану орындары, жылыжай шаруашылықтары, шағын өндіріс орындары сияқты әлеуметтік нысандар үшін табиғи газ тұрақты әрі тиімді энергия көзі саналады. Сонымен қатар жаңа жұмыс орындарының ашылуына және жергілікті экономиканың жандануына мүмкіндік жоғары.

Мемлекет басшысы өңірлерді кешенді дамыту жөнінде берген тапсырмаларда инженерлік инфрақұрылымның сапасын арттыруға ерекше мән беріп келеді. Осы тұрғыдан қарағанда, “Сабалақты” газдандыру – бір ғана елді мекеннің мәселесін шешкен жоба емес. Бұл – өңірдегі әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етуге, ауыл мен қала арасындағы тұрмыс сапасының айырмашылығын азайтуға бағытталған жүйелі мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесі.

ЖАҢА ҚАЗАНДЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Қызылорда қаласының соңғы жылдардағы қарқынды дамуы инже-нерлік инфрақұрылымға түсетін жүк-темені айтарлықтай арттырды. Осы қажеттіліктен туған маңызды жоба-лардың бірі – қуаттылығы 40 мегаватт болатын жаңа жылу қазандығының құрылысы.

Брифингте мәлім болғандай «Жылу жүйесін дамыту» бағдарламасы ая-сында жүзеге асырылған бұл жобаны аяқтауға 2026 жылы 166,9 миллион теңге бөлінген. Нәтижесінде Қызылорданың ең қарқынды дамып келе жатқан жаңа шағын ауданын заманауи жылу көзімен қамтамасыз етуге мүмкіндік артып тұр.

Бұл қазандықтың стратегиялық маңызы оның қуатында ғана емес, сол жағалауда қалыптасып жатқан жаңа қаланың энергетикалық өзегін реттеумен жоғары маңызға ие. Соңғы жылдары бұл аумақта ондаған көпқабатты тұрғын үй, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет нысандары пайдалануға берілді. Алдағы уақытта тағы жүздеген пәтер мен ондаған әлеуметтік нысан салу жоспарланып отыр. Мұндай жағ-дайда жылу инфрақұрылымын алдын ала қалыптастыруды назардан тыс қалдырмау маңызды. Сондықтан жаңа қазандықтың іске қосылуы тұрғын-дардың тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді деп айтуға толық негіз бар. Осы тұрғыдан алғанда жаңа қуат көзінің іске қосылуы қолданыстағы жылу жүйесіне түсетін жүктемені азайтып, жаңа құрылыс нысандарын орталықтандырылған жылумен қамтуға мүмкіндік береді.

Жобаның тағы бір ерекшелігі – оның инвестициялық тартымдылықты арттырудағы маңызы жоғары. Яғни, инженерлік инфрақұрылымы толық дайын аумақта құрылыс салушылардың қызығушылығы да жоғары болады. Сондықтан жаңа қазандық тек комму-налдық нысан емес, қаланың эконо-микалық өсіміне ықпал ететін маңызды инфрақұрылымдық жоба ретінде баға-ланып отыр.

Қазіргі таңда Қызылорданың сол жағалауы өкімішілік, тұрғын және қоғам-дық кеңістіктер тоғысқан жаңа орталыққа

ауыз сумен қамтамасыз етіліп, ағын сулар заманауи талаптарға сай тазартылса, бұл қаланың инженерлік әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда Қызылордада биыл ауыз су мен көріз жүйелерін жаңғыртуға бөлінген 2 миллиард 586 миллион теңгені өңірдің коммуналдық инфрақұрылымын жаңғыртудағы ең маңызды инвестициялардың бірі ретінде қарастыруға болады.

Шынын айту керек, соңғы жылдары Қызылорда қаласында халық санының өсуі ауыз суға деген сұранысты арттырып, көріз жүйесіне түсетін жүктемені де көбейтті. Сондықтан қолданыстағы инженерлік желілерді жаңғырту алдағы ондаған жылдың қажеттілігінен туындап отырғаны анық.

Сонымен қатар Қызылорда қаласындағы тәулігіне 70 мың текше метр ағын суды қабылдайтын биологиялық тазарту станциясын жаңғырту және автоматтандыру жобасына да қыруар қаржы бағытталған. Атап айтқанда бұл мақсатқа 1 миллиард 264,1 миллион теңге бөлініп, 2023 жылы басталған жоба кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді.

Негізінен биологиялық тазарту станциясы – қаланың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі инженерлік кешендердің бірі. Мұнда тұрмыстық және өндірістік ағын сулар бірнеше сатыдан өтіп тазартылып, қоршаған ортаға келетін зиян азай-тылады. Өз кезегінде станцияның жаң-ғыртылуы тазарту сапасын артты-рып қана қоймай, технологиялық процестерді автоматтандыру арқылы өндірістік тиімділікті көтереді. Сондай-ақ, бұл электр энергиясын үнемдеуге, жабдықтардың сенімділігін арттыруға және қызмет көрсету шығындарын қысқартуға да мүмкіндік береді. Ал экологиялық тұрғыдан алғанда, мұн-дай жобалардың маңызы өте ерекше. Өйткені ағын сулардың сапалы тазар-тылуы Сырдария өзенінің экожүйесін қорғауға, топырақ пен жер асты сулары-ның ластануын болдырмауға ықпал етеді.

Сол сияқты Қызылорда қаласының орталық бөлігіндегі су құбыры желі-лерінің құрылысы жоғары сипатқа ие. Бұл жобаға 697,4 миллион теңге бөлінген.

Жалпы қаланың орталық бөлігіндегі көптеген су құбырлары ондаған жыл бұрын салынған. Уақыт өте келе олардың тозуы салдарынан су шығыны көбейіп, апаттық жағдайлар жиілеп кеткені жасырын емес. Тіпті кейбір учаскелерде қысымның төмендеуі мен техникалық ақаулар тұрғындарға қолайсыздық туғыза бастады. Соған орай жаңа су құбырларының салынуы ауыз судың үздіксіз берілуін қамтамасыз етіп қана қоймай, судың ысырап болуын азайтады деген пікір бар.

Осы орайда Ақжарма ауылдық округіне қарасты Талдыарал елді мекенінде қосымша су ұңғымасын салу жұмыстары жоғары қарқынмен жүргізіліп жатқанын да айта өту керек. Бұл қосымша ұңғыманың іске қосылуы тұрғындарды тұрақты ауыз сумен қамтамасыз етуге, су тапшылығының алдын алуға мүмкіндік береді деп отыр.

Қызылордада жүзеге асырылып жатқан әрбір жобаның қала тұрғындарының жайлы тұрмысы үшін маңызы зор болмақ. Оның ішінде биологиялық тазарту станциясын жаңғырту, су құбырларын қайта салу және жаңа су көздерін іске қосу тұрғылықты халықтың өмір сапасын арттырумен қатар, өңірдің орнықты дамуына берік негіз қалайды. Жауапты сала басшысының есепті жиынында осыны аңғардық.

Е. ЖАЛҒАСБАЙ



ТАМЫЗ: ҚАРАПАЙЫМ НӘРСЕНІҢ ӨЗІ КҮРДЕЛІГЕ АЙНАЛАДЫ

ТОҚТЫ

Тосын сыйлар аз емес. Осы уақытқа дейін қанша күш жұмсағанда дұрыс нәтиже болған жоқ. Демек жоспардағы кейбір жерлерді түбегейлі өзгерту қажет. Өрине жакын адамдардың қолдау көрсетпейтіні қай кезде де қиын. Дегенмен тәуекел етіп, белді бекем буып, ешкімнен көмек күтпей, тіпті емеуіріңге де иек артпай қимылдауға тура келеді.

Айдың екінші жартысында қуанышты жағдайлар бар. Көптеген Тоқтылар көптен бері алға қойған максаттарына қол жеткізеді. Түйсікті тыңдай білу керек. Сонда ғана қателіктерге жол бермей, кіммен бірге қалай әрекет етуге болатынын біліп, табысқа қол жеткізуге болады.

Бұл айда босансұға болмайды. Өз мүддесін қорғай білуі керек. Тіпті кейбір сәттерде батыл, әрі қатал қимылға көшу де қажет болар.

Айдың соңғы жағында жасаған таңдау, бағыт алған жол дұрыстығын аңғаруға болады. Қателіктерді жөндеу мүмкіндігі пайда болады, өмір өз қалпына келеді. Егер де еңбек етуге дайын болып әрбір жасаған әрекетіне мақтау, марапат күтпей ұзақ мерзімді жоспарларды жүзеге асыру мерзімі келгенін түйсігімен сезінген жағдайда бірте-бірте бәрі қалыпқа келеді.

ТОРПАҚ

Қызықты, әрі тынышсыз ай. Көп нәрсе жоспардан тыс бей-берекет бағыт алады. Демек бұрынғы ойға алғандардың жүзеге асуы да қиындау. Негізі іс барысында максатқа жетудің жаңа әдістерін ойлану, көп нәрсені жаңадан жасау қажет болар. Бірден бірнеше мәселелерді шешуге, бір жұмыспен қоса екіншісін тындыруға, бөтендердің қателігін жөндеуге, сонымен қатар басқалардың ойлары жаман болмаса да, кедергі келтірмегенін бақылауға алуға дайын болған дұрыс. Жағдайды бақылауда ұстау өте қиын. Көптеген Торпақтар өздерін балабақшадағы тәрбиеші сияқты сезініп, басқалардың бақылаусыз күш-жігерін қажетті бағытқа жұмсауға көп күш жұмсайды. Әдетте тұрақты жағдайға үйренген жандарға өте қиын. Бір жағынан бұл айда кей Торпақтар бағалы тәжірибе жинақтайды, өз таланты мен біліктілігін бағалайды, тіпті барлығының қиюы кетіп тұрған жағдайдың өзінде де табысқа жете алатындығына көз жеткізеді.

Айдың алғашқы жартысы тынышсыз болғанымен, табысты. Міндет көп, оның барлығына үлгіру мүмкін емес. Шешілмей қалған мәселелерді кейінге қалдыруға болады. Дегенмен Торпақтар өздері үшін де, басқалар үшін де пайдалы көп іс атқарады.

Айдың екінші жартысында өзі үшін маңызды тұстарда кедергілер кездесуі мүмкін. Содан да сенімсіздік, табысқа деген күмән пайда болады. Бұндай сәтті ең дұрысы алған беттен қайтпай әрекет ете беру. Жұлдыздар табандылықты бағалайды.

ЕГІЗДЕР

Өте табысты ай. Барлық жағынан. Айдың бас жағында әртүрлі адамдармен бірігіп, тіпті көзқарасы, ұстанымы бірдей емес жандармен де тіл табысуға тура келеді. Қызықты таныстықтар болады.

Өз идеяларын өткізе алады, ықпалды адамдардың қолдауы да болады. Өзі үшін отқа да, суға да түсетін, қиын міндеттердің шешілуін өз мойнына алатын одақтастар да табады. Сонымен қатар жеке қарым-қатынасқа, достармен, туысқандармен аораласуға өте қолайлы ай. Келіспеушілік орын алады деп қауіптенудің қажеті жоқ. Пікірлер алшақтығы болғанымен, келісімге келуге болады.

Айдың орта жағы жұмысқа мән беретін уақыт. Әсіресе табысымды көтеремін, қызметте өсемін дейтіндер үшін жемісті кезең. Өріптестік туралы ұсыныстар түсіп қалады. Қызмет түрі өзгеруі де мүмкін. Мүлдем жаңа нәрсе басталуы да ғажап емес. Жананы үйренуден қашпау керек. Түйсікке сенім артқанда жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Айдың соңғы жағында жағымды тұстар кемиді. Алайда бұған дейінгі жинаған қуат жеткілікті, оның үстіне көмек беруге дайын адамдар да бар. Сондай-ақ кейбір мәселелер орын алған жағдайда шығындарға қажетті қаражат та жеткілікті.

ШАЯН

Былайынша жаман емес. Өрине қиындықтар болады. Барлығы ретке келу үшін қалай әрекет жасау керектігі белгілі. Әсіресе айдың бас жағында Шаяндардың жолы болады. Осы кезең қаржылық жағдайды жақсартуға, кәсіби бағытты нығайтуға, жаңа одақтастар табуға қолайлы. Жалпы алғанда өзі үшін де, отбасы үшін де көп жақсы іс жасауға болады.

Айдың орта шенінде мәселелер бар. Көңіл-күй құбылмалы, жаңалықтар да әртүрлі. Барлығына бірдей қалай жауап беруге болатыны түсініксіз, дегенмен жағдайды терең талдап, қателіктерге жол бермей, өзі сенім білдіретін адамның кеңесіне құлақ асу қажет.

Айдың соңғы жағы тыныш. Бұрынғы қателіктерді жөндеуге, басталған істерді аяқтауға, соңғы уақыттары көп ойланған сұрақтардың жауабын табуға қолайлы. Одан бөлек ұзақ мерзімді жобалармен жұмыс бастауға, одақтастар іздеуге, өзіне серіктес болатын жандармен қарым-қатынас жасауға қолайлы кезең. Ең бастысы асықпау керек. Жаңа бағытта алғашқы қадам жасаған кездері бірден нәтиже күтпеу керек. Одан қайта өз-өзін тындай білген жақсы.

АРЫСТАН

Ай өте табысты. Қарым-қатынастар алаңы кеңейеді, жаңа одақтастар, көмекшілер табылады. Мүдделес болумен қатар барлық кезде, барлық жағдайда көмек беруге әзір жандармен танысу мүмкіндігі бар. Сондай-ақ бұл кезең қаржылық жағынан да табысты. Ақша кірісі анағұрлым көбейеді. Ірі зат сатып алу, немесе алдағы уақытта табыс әкелетін жобаға ақша салу мүмкіндігі болады.

Ай бойына жақсы жаңалықтар көп. Дегенмен маңызды істі кейінге қалдыруға болмайды. Егер де бір іс жоспарлаған болса оны айдың бас жағында жүзеге асырған дұрыс. Қолдау табу қиын емес. Өйткені идея көптеген адамдарға ұнайды, оның үстіне жобаға қатысқысы келетін ықпалды жандар да болады. Таныстықтар да көбейеді. Көптеген Арыстандардың жақсы адамдармен қарым-қатынасының

соңы сезімге ұласуы да мүмкін.

Айдың екінші жартысы тыныш. Мүмкіндіктер көп болмағанымен бас-таған істі аяқтауға, кейбір келіспеушілікті реттеуге, жалпы күнделікті тірлікті бірқалыпты арнаға түсіруге қолайлы кезең. Сондай-ақ бұл уақыт демалысқа, отбасылық саяхаттарға қолайлы.

БИКЕШ

Түйіні тарқатылмаған мәселелер жеткілікті. Тіпті кейбір жаңалықтар естен тандырады. Өз жоспарымен жүруге үйренген, сондай-ақ өзінің іс-әрекетінің соңын есептеп отыратын Бикештер үшін кездейсоқ жағдайлар, ойға келмеген кейбір іс-әрекеттер тосын көрінеді. Сақтық көп нәрседен құтқарады, абай болған жағдайда қателіктерге ұрынбайды. Дегенмен бұл ай Бикештер үшін іскерлік қарым-қатынастарға, жаңа одақтастар табуда өте қолайлы. Бикештердің түйсігі өткір. Осы түйсік арқасында жаны қас адамдардың құрған торына түспейді. Қалай әрекет етуге болатындығын, қалай табысқа жетуге болатындығын, жеке және іскерлік қарым-қатынастарда табысқа жетуге болатындығын түйсігі сезіреді.

Айдың бас жағы оқиғаларға толы. Осы кездері ұсақ-түйек өзгерістер көп болады, әл екіінші жартысы тыныш. Жолға шығуға, немесе жаңа бір істі бастауға айдың соңғы жағы қолайлы.

ТАРАЗЫ

Келесіз, тосын жайлар жеткілікті. Тіпті қарапайым нәрсенің өзі күрделіге айналады. Жоспарлар бұзылады, көңіл қаламаса да кейбір нәрселерді өзгертуге тура келеді. Қандай жағдай болғанда да бейім болған дұрыс. Алған бағыттан қайтпай, өз ойындағыны іске асырамын дегенмен уақыт та, күш те босқа кетеді. Бұл айдағы оқиғалар әдеттегі жағдайларға басқаша қарауға итермелейді.

Айдың соңғы жағында осы айда жинаған жаңа тәжірибе көмекке жарайды.

Айдың бас жағында іскерлік әлемінде, немесе қаржы мәселесінде қиындықтар болуы мүмкін. Бірақ шешілу жолы бар. Сондай-ақ жұмысқа, немесе кәсіпкерлікке байланысты қызықты мүмкіндіктер пайда болады. Өз күшін жаңа арнада сынап көруге болады. Алайда ол үшін сенімділік, батылдық, шапшаңдық керек. Сонымен қатар жауапкершілікті өзіне ала білу де қажет. Өкінішке орай көптеген Таразылар бұған дайын болмай шығады. Көп ойланп, уайымға беріліп жүргенде өз мүмкіндігін жіберіп алуы да мүмкін.

Айдың орта шенінде жағымды жаңалықтар азаяды, проблемалар көбейеді, қиындықтарды уақытысында, көзді жұмып қойып кейінге қалдырмай шешу керек. Бәрі де жақсы деп өз-өзін, жакын адамдарын алдаудың қажеті жоқ. Қиын жағдай болған кезде ең дұрысы өзін түсінетін, қолдайтын жандармен әрекет ету қажет.

Айдың соңғы жағы сезім мәселесінде өте қолайлы. Жақсы қарым-қатынастар пайда болады, одақтастар, көмекшілер көбейеді, нәтижесінде қиындықтарды жеңіп, өмірін бір ретке келтіре алады. Бір мәселелерге орай жауап қажет болса оған да қол жеткізуге болады. Алдағы жоспарларда айқындық бар, содан да көңіл орнығады.

САРЫШАЯН

Айдың бас жағында жаңа қиындықтар пайда болады, бірақ оған қобалжудың қажеті жоқ. Көп ұзамай жақсы жаққа өзгерістер жасалады. Ең бастысы өзіне маңызды міндеттеме алмағаны жөн. Өз күшін, мүмкіндігін нақты бағалай білу қажет. Маңызды шешім қабылдамас бұрын оның соңы неге әкелерін ойлану керек. Жаңа жакын, бұрыннан таныс адамдармен кенескен пайдалы. Солардың кеңесімен көп күш жұмсамай-ақ қиындықтарды жеңуге болады.

Айдың орта шені табысты. Бұл кезең барлық жағынан да жақсы уақыт. Достар, одақтастар табуға болады. Жанына жакын адаммен қарым-қатынасы жақсаралы, жолға шығуға қолайлы сәт. Жаңа іс бастауға, өзі көптен бері қызығып жүрген салада күшін сынап көруге мүмкіндік бар.

Айдың соңғы жағы тұрмыстық және жұмысқа қатысты мәселелерді шешу-ге қолайлы. Жүктемелер көбеюі мүмкін, сондай-ақ табыс та артады. Кейбір Сарышаяндар қосымша жұмыс істеуге, немесе табысты келісім шарттар жа-сауға мүмкіндік алады. Сонымен бірге отбасылық іспен айналысуға да тура келеді. Бәлкім той-томалақ болып қалар...

МЕРГЕН

Өте табысты ай. Өрине табыс өз-өзінен келмейді. Көп күш жұмсауға тура келеді. Дегенмен еңбек текке кетпейді, қайтарымы өте керемет. Тек қаржылық жағынан ғана емес, жеке қарым-қатынаста да. Жакын адамдарға қаншалықты жақсы-лық, қамқорлық жасағанға орай сонша-лықты қайтарымы да мол болады. Кейбір күндері қолайсыздық болуы мүмкін, бірақ оған бола көңіл күй түспейді.

Айдың бас жағында Мергеннің тікмінезі, сондай-ақ шындықты айтатын, өз проблемасын басқалармен бөлісіп, басқалардың мұн-мұқтажына қарастатын қасиеті пайдаға жарайды.

Айдың орта шенінде қызмет бағытында өсу, жаңа ықпалды одақтастар табу, сондай-ақ жананы үйрену мүмкіндігі бар. Бұл кезең бизнесмендер үшін өте сәтті, әсіресе енді ғана жоба бастағандар үшін. Қазір тез көтерілуге мүмкіндіктер бар, оның үстіне Мергеннің идеясы сұраныста болады.

Айдың соңғы жағында шамалы қиын-дықтар бар. Қаржыға, немесе тұрмыстық мәселелерге орай. Ылғи да қолдау таны-тып, көмек көрсететін жандардың арқа-сында ол қиындықтар да артта қалады.

ТАУЕШКІ

Адамдармен қарым-қатынасқа мән беру керек. Айтылған әңгіменің бөріне сене беруге болмайды. Өкінішке орай көптеген күдікті жандар Тауешкілерді пайдаланып, оларды алдап, жолдарына кедергі қойғысы келеді. Содан да тәуекел етудің қажеті жоқ. Абай болу керек.

Бұл айда көп жұмыс істеуге тура келеді. Жасаған еңбегіне орай ылғи да сыйақы, марапат бола бермейді. Кей кездері қанша жұмыс істегенде де қайтарымы жоқ сияқты көрінеді. Шыдамдылық, табандылық керек. Алға қойған максатқа қол жеткізу үшін әрекеттерді тоқтатпау қажет.

Айдың бас жағы достармен кездесуге, отбасылық іс-шараларға, жолсапарға қолайлы. Көптеген Тауешкілер үшін

жағдайды өзгерткен дұрыс. Олар дүниетанымын кеңейтіп, көп жаңалықпен танысады. Пайдалы таныстықтар болып, кейін өзіне әріптес, одақтас болатын жандармен кездесу мүмкіндігі бар.

Айдың екінші жартысында іскерлік әлемінде жақсы жаңалықтар орын алады. Тұрмыстық мәселелерді шешуге, өз өмірін жақсартуға сәтті кезең. Сондай-ақ ақша кірісі де көбейеді. Қосымша табыс көзі болуы мүмкін. Жеке өміріне қатысты маңызды шешімдер қабылдануы мүмкін. Бәлкім некеге отырады...

СУҚҰЙҒЫШ

Жаңа максаттар пайда болады. Сондай-ақ күрделі мәселелер де туындайды. Барлық Сұқұйғыштар бірден табысқа қол жеткізе алмайды. Біреулеріне тәжірибе жетіспейді, енді біреулерінің қуаты, табандылығы кем. Өз бетінше әрекет ететін, басқалардың кенесіне, ақылына мойынсұнбайтындар қиындықтарға кездеседі. Негізі бұл айда бұрынғы да, жаңа таныстардың ақыл-кенесін тыңдаған дұрыс. Жұмыста бұрынғыдан да көп күш жұмсау керек, тіпті уақыттан тыс, есесіне ақшалай сыйақы болады. Өте қатты шаршамау үшін арасында үзіліс жасап демалған да дұрыс. Жаңа міндеттерге орай көптеген Сұқұйғыштар алдын-ала жоспарланған көңіл көтеру демалыстарынан бас тартады. Өрине бұл көңіл күйді түсіреді. Дегенмен мұның жақсы жағы да бар. Жаңаны үйренуге, бағалы тәжірибе жинақтауға, жақсы адамдармен қарым-қатынас жасауға пайдалы. Жеке қарым-қатынаста да жағдай мез емес.

Негізі тамыз айы Сұқұйғыштар үшін дүниетанымды кеңейтуге берілген мүмкіндік. Мәселен білім алуға, сондай-ақ өз-өзінің қабілеттілігін байтауға. Мүмкін өмірінде кей тұстарды өзгерту де қажет шығар. Барлығының да жауабы бірден белгілі болмайды. Дегенмен өзі үшін құндылықтарды анықтау қажет.

БАЛЫҚТАР

Жаңа міндеттерді шешуге белсене кіріседі. Бұрын сәтті түспегендердің осы айда шешімі оңай табылады. Сондай-ақ ежелгі іскерлік байланыстарды қалпына келтіруге және жаңа қарым-қатынастарды орнатуға мүмкіндік бар. Бастама көтере білу керек. Жеке қарым-қатынаста да, іскерлік әлемінде де. Балықтардың айналамен қарым-қатынасына орай көңіл-күй қалыптасады. Жүрекке жакын адамдарды қуанта білген жөн. Өйткені ол адамдар да жақсылыққа жақсылықпен қайтарады. Даулы мәселелерден, келіспеушіліктерден аулақ болған дұрыс.

Айдың екінші жартысы шығармашылыққа, білім алуға, сондай-ақ сананы жетілдіретін көңіл көтерулерге қолайлы. Өз дүниетанымын кеңейтуге, көп білетін адамдармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндікті жіберіп алмау керек. Басқалардың тәжірибесі өте пайдалы болады. Соның арқасында қателіктер жасалмайды. Жеке қарым-қатынаста айдың орта шені қолайлы. Жакын адамдармен тіл табыса білу керек. Олар Балықтардың ұсынысын қолдап, қажет кезінде көмекке келеді.

Айдың соңғы жағында ақша кірістері бар, тіпті күтпеген тұстан. Кейбір Балықтар көптен бері жоспарлап жүрген затын сатып алады. Көңілі көтеріледі.

"Ақшамның" асханасы

ҚАРБЫЗ, НЕМЕСЕ ҚАУЫН БАЛМҰЗДАҒЫ

Көбіне көп жұрт қарбыз балмұздағын ұнатып жатады. Өрине қарбыз балмұздағының дәмі ерекше. Дегенмен қауын балмұздағының дәмі де бөлек. Қауын дәмі тәтті болғандықтан оған бал, немесе қант қоса бермейді. Дайын десертке балғын жалбыз, жидектер, майдаланған дәндер, үгітілген қара шоколад, лайм шырыны, бал, немесе бірнеше тамшы салқын



эспрессо қосса да болады. Қарбыз бен қауын орнына кез-келген жеміс, немесе еті жұмсақ, жақсы мұздатылатын жидектермен де балмұздақ жасауға болады. Мәселен манго, персик, езілген құлпынай, таңқурай, басқа да жидектер, ананас балмұздақтары өте тәтті болады. Алма, алмұрт және цитрустар балмұздақ жасауға келмейді.

Қажетті заттар: 1 шағын қарбыз немесе қауын, 100 мл. майлы кілегей, немесе сүт, 1 шай қасық бал, (қалауына қарай).

Дайындалуы: Қарбызды немесе қауынды ортасынан қақ бөлеміз. Қарбызды қасықпен үңгіміз, ал қауынның шопағын алып тастаймыз. Қаққа бөлінген қарбыз, қауынды мұздатқышқа еті өбден қатқанша бір тәулік пен 2 тәулік арасына салып қоямыз. Содан кейін оған үстінен кілегей немесе сүт құямыз,

қалауына қарай бал қосамыз. 2-3 минут ішінде қауын немесе қарбыз етін кілегеймен араластыра қасықпен езілгейміз. Балмұздақ дайын.

Қазір қауын, қарбыз, тағы да басқа жеміс-жидектер базарда, дүкен сөрелерінде толып тұр. Жасап көруге болады.

ҚҰЛПЫНАЙДЫ ҚАЛАЙ ҚАТЫРУҒА БОЛАДЫ?

Соңғы кездері жеміс-жидектерді мұздатқышта қатырып қысқа сақтау үрдіс алып келеді. Өкінішке орай көп жағдайда қатырған жеміс-жидектер езіліп, дәмі кетіп, дұрыс сақталмайды. Мәселен пісіп кеткен, жұмсақ, езіліп тұрған құлпынай төмен температураны көтере алмайды. Содан да мұзбен қатыруға тығыз, тұтас, бүлінбеген жидектер жарамды. Түбіндегі жасыл жапырағын қолымн алса еті бүлінеді, оны қайшымен қыып алған дұрыс. Мұздатқышқа жидектерді салмас бұрын алдымен тез мұздататын режимге қою керек. Жидектерді бір-бірлеп подносқа, немесе тақтайшаға



орналастырып, мұздатып алғаннан кейін барып қолайлы ыдысқа салған дұрыс. Содан соң үстінен шамалы крахмал сепсе болады. Кемінде 10 сағат қатырып алып, содан соң пакеттиктерге салып мұздатқышта сақтауға болады. Өрине бұл әдіс көп уақытты қажет етеді, есесіне жидегіңіз қыста да жаздағыдай балғын болып тұрады.

ҚҰЛПЫНАЙ ПОССЕТІ

Езілген құлпынайларды дастархан мәзіріне қоя бермейміз. Тастауға обал. Демек оған кілегей мен лимон шырынын қосып поссет даярлауға болады. Негізі поссет британдықтардың кілегей, қант және лимон шырынынан дайындалатын дәстүрлі десертті. Құлпынайдың қышқыл дәміне орай кілегей желатин қоспай-ақ қоюланады. Кей кездері оны базилик, қара бұрыш, құлпынай қосып та әзірлейді екен.

Қажетті заттар: 200 гр. құлпынай, 4 ас қасық бал, майлылығы 30 пайыздан жоғары 300 мл. кілегей, 4 түйір қара бұрыш, 45 мл. лимон шырыны, қалауына қарай лимон еті, бірнеше жапырақ базилик.

Дайындалуы: Түбіндегі жасыл жапырақшаларын алып тастап, клубниканы екіге бөлеміз. Шұңғыл ыдысқа салып, 1 ас қасық бал қосып, қайнағанға дейін отта қыздырамыз, жөймен араластырып тұру қажет. Тағы бір ыдыста кілегей, 2 ас қасық бал, бұрыш, базилик жапырағын және құлпынай езбесінің жартысын қосып араластырамыз. Үнемі араластырып баяу отта 5 минут ұстаймыз. Содан



соң қоймалжыңды оттан алып, шамалы суытып, үстіне лимон шырынын қосамыз. Қоюланғанша араластырамыз. Ситодан өткізіп, құлпынай қоймалжыңын кілегейге қосып, өбден араластырамыз. Содан соң стакандарға, немесе креманкаға құйып мұздатқышта кемі 4 сағат ұстаймыз. Поссетті дастарханға қоймас бұрын құлпынай компотының қалғанын құямыз. Балғын жидек, печеные, базилик жапырақшасын немесе майда қара бұрыш қосуға болады. Егер де десерт жасаудан жидек артылып қалса, оның үстіне қайнаған су құйып, базиликпен бірге 5 минут тұндырып қоямыз. Жидек компоты дайын болады.